

21 ТАМЫЗ,
2025 ЖЫЛ,
БЕЙСЕНБІ
№91 (23 560)



ORTALYQ QAZAQSTAN



ОНЛАЙН ЖАЗЫЛУ

1931 жылдын
4 қазанынан бастап шығады

Қ А Р А Ғ А Н Д Ы О Б Л Ы С Т Ы Қ Қ О Ғ А М Д Ы Қ - С А Я С И Г А З Е Т

www.ortalyq.kz

www.instagram.com/ortalyq.kz/

www.facebook.com/ortalyq.kz/

info@ortalyq.kz


Академия
ашылатын
күн жақын

2-бет



Темірғали
Көкетайдың үйі

6-бет



«Желек созған
ауылым»

8-бет



• МИНИСТРДІҢ ЖҰМЫС САПАРЫ

Ұлттық университетті ұлы істер күтіп тұр

Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Ресми деректерге сүйенсек, дүниежүзінде 25 мыңнан астам жоғары оқу орны бар екен. 25 мың жоғары оқу орнының ішінде, Е.Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық-зерттеу университеті 981-ші орында тұр. Бұл – топ мыңдық. Ал, Азиядағы университеттер арасында ҚарҰЗУ 167-ші орында. 12 тамызда Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығымен академик Е.Бөкетов атындағы Қарағанды зерттеу университеті облыс орталығындағы алғашқы Ұлттық университет мәртебесін алған еді. Осыған орай, Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек арнайы келді. Салтанатты жиынға облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев пен Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты Асхат Аймағанбетов те құрметті қонақ болды. Құрметті меймандар қатарында Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты Құдайберген Бексұлтанов пен өңірдегі жоғары оқу орындарының ректорлары да бар.



► 2-бет

• МӘСЕЛЕ

Қараусыз ғимараттың қожасы кім?

Қарағандыдағы маңдайалды білім ордасы саналатын Мағжан Жұмабаев атындағы гимназия аумағында жылдар бойы қараусыз қалған ғимарат тұр. Бұл жер үйсіз-күйсіздер мен жүгенсіз кеткен жасөспірімдердің «жайлы мекеніне» айналған. Екі жыл бұрын дәл осылай жазып едік. Қараусыз ғимарат еш өзгеріссіз, әлі сол қаңыраған күйде. Қазір де мектеп ауласындағы аңғал-саңғал құрылыс нысанына бас соқпай кетпейтіні жоқ екен. Тыйымы жоқ бұзақылар мектептің терезесін сындырып, ғимарат ішіне өрт қоятын көрінеді. Айнала толы қоқыс. Иісі қолқаны қабады. Ең сорақысы, балалар да құрылысы бітпеген ғимараттың ішіне кіріп ойнауға әуес. Жаман айтпай, жақсы жоқ, бала мертігін қалса, мектеп әкімшілігі жауапты болмай ма? Мектеп пен балаларға қауіп төндіретін жекеменшік құрылыс нысаны не сүрілмейді, не кәдеге жарамайды. Сөйтсек, бұл оңай шешіле салатын дүние емес екен, біз ойлағаннан да күрделі болып шықты. Балалардың қауіпсіздігі – қай кезде де күн тәртібінен түспейтін мәселе. Бұл тақырыпқа қайта айналып соғуымыз сондықтан.

Гүлнұр СЕРІКЖАНҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Нысан кімге тиесілі?

Бұрын да жазғанбыз. Түсінікті болу үшін оқырман есіне сала кетейік. Бұл нысанның 1991 жылы іргетасы қаланған. Үш қабатты, толық салынбаған ғимарат. Иесі – Владимир Владимирович Долгомыслов. Меншік иесі осы уақытқа дейін ғимаратқа көңіл бөлмегендіктен, бұл жер қаңғыбастардың, бетімен кеткен жасөспірімдердің темекі шегіп, ащы су ішетін мекеніне айналыпты. Күйінерлігі сол, нысан мектеп аумағында тұр. Жылдар өтсе де, бір шешімі табылмай келеді. Балалар құрылысы аяқталмаған ғимаратқа үйір. Ішіне кіріп, төбесіне шығып алады. Бұған мектеп әкімшілігі уайым кешіп отыр. Қауіп деген аяқ асты. Қараусыз ғимарат ішінде балалар бірдене ұрынып қалып жатса, мектеп әкімшілігі жауапты. Өйткені, ғимарат мектеп аумағында



тұр емес пе?! Осындай қайғылы жайттың қайталанбауына ешкім кепілдік бермейді.

Бұл мәселе балалардың қауіпсіздігіне алаңайтын мектеп басшылығы мен ата-аналардың жылдар бойы бас ауруына айналған-тын. Сондықтан, гимназия әкімшілігі мен Қарағанды қаласы білім бөлімі осыған дейін қажетті органдарға (қалалық мәслихат, полиция, прокуратура, Қазыбек би ауданының әкімдігіне) хат жазып, жағдайды жеткізген.

2019 жылы қаланың Оңтүстік-Шығыс полиция бөлімі ғимарат иесі В.Долгомысловқа ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексінің 505-бабы бойынша хаттама толтырған. Осыдан соң сең қозғалғандай болып, В.Долгомыслов өзіне тиесілі аумақты күтіп ұстау және қоршау туралы гимназия директорының атына кепілхат жазды. Алайда, бұл азамат өзіне тиесілі ғимаратты қоршау, күзетші қою, қоқыстардан тазарту туралы талаптарды орындамаған. Содан, әлі де жасөспірімдерге қауіп төніп тұр. Одан қалды, мектеп айналасы коқыса толып кеткен. 2021 жылдың жазында балалар ғимарат ішіне, айналасына 3-4 рет өрт қойған. Мектеп әкімшілігі өрт сөндірушілерді шақыртып, сөндіріпті.

► 3-бет

• РЕСМИ

Сталкинг енді жазасыз қалмайды

Қазақстанда алғаш рет сталкинг үшін 200 АЕК-ке дейін айыппұл, 200 сағатқа дейін қоғамдық жұмыстар немесе 50 тәулікке дейін қамауға алу түріндегі қылмыстық жауапкершілік енгізілді.

Биыл 16 шілдеде Мемлекет басшысы Қылмыстық кодекске жаңа 115-1 – «Сталкинг» бабы енгізілген Заңға қол қойған еді. Бас прокуратура өкілдерінің мәліметінше, сталкинг – адаммен қарым-қатынас орнатуға және оның еркіне қайшы келетін, зорлық-зомбылықпен ұштаспаған, елеулі зиян келтірген заңсыз қудалау. Отандық заңнамада мұндай әрекеттер үшін 200 АЕК-ке дейін айыппұл, 200 сағатқа дейін қоғамдық жұмыстар немесе 50 тәулікке дейін қамауға алу түріндегі қылмыстық жауапкершілік алғаш рет көзделген.

Егер сталкинг зорлық-зомбылық, қорқыту, бопсалау, жеке өмірге қол сұғылмаушылықты бұзумен қатар жүрсе, іс-әрекеттер Қылмыстық кодекстің басқа баптары бойынша қосымша сараланады. «Сталкинг бабы бойынша қылмыстық қудалау нақты зиян болған кезде басталатынын білу маңызды. Жауаптылықты енгізудің мақсаты – құрбандарды ерте кезеңде қорғау және зорлық-зомбылық пен агрессивті мінез-құлыққа мүлдем төзбеушілік қалыптастыру», – деп жазылған ресми хабарламада.

Өз тілшімізден

ВАЛЮТАЛАРДЫҢ РЕСМИ БАҒАМДАРЫ:

•EUR/KZT 629.48

•USD/KZT 538.57

•RUB/KZT 6.71

•CNY/KZT 75.02

Қазақстан Ұлттық Банкінің
20 тамыз, 2025 жылғы дерегі бойынша

Ұлттық университетті ұлы істер күтіп тұр

(Соңы. Басы 1-бетте)

– Университеттің профессорлық және жалпы оқытушы құрамы қатысқан салтанатты жиынның алғысөзін Е.Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық-зерттеу университетінің басқарма төрағасы, ректоры, заң ғылымдарының докторы, профессор Нұрлан Дулатбеков айтты. Ол университет ұжымын білім ордаларына берілетін жоғары мәртебемен құттықтады.

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздің жаңа даму кезеңінде ғылым мен жоғары білімнің шешуі рөлін үнемі атап өтеді. Президенттің тапсырмасына сәйкес университеттер баскеге қабілетті мамандарды даярлап қана қоймай, еліміздің ғылыми-техникалық әлеуетін арттыруы – олардың басты міндетінің бірі. Қасым-Жомарт Тоқаев, әсіресе, аймақтарды дамытуға айрықша көңіл бөліп отыр. Қарағанды өңірі – Қазақстанның жүрегі, еліміздің ең ірі өндірістік аймағы. Бұл өлке өндірісімен ғана емес, білім мен ғылымға қосқан үлесімен де танымал. Жаңа мәртебеге ие болған университетіміз өңірдегі интеллектуалды буынын орталығына айналды, – деді Нұрлан Дулатбеков.

1938 жылы Қарағанды мұғалімдер институты болып негізі қаланып, 1972 жылы университет мәртебесін алған жоғары білім ордасы осы уақытқа дейін 130 мыңнан астам студентке білім беріпті. Білім ордасының ректоры түлектердің еліміздің дамуына зор үлес қосып келе жатқанын атап өтті.

Сонымен қатар, Нұрлан Дулатбеков университет қарамағындағы оқу корпустарының маңы түгелдей абаттандырылып, жатақхананың орталықтандырылған жылуға қосылғанын, университет көшелеріне су жаңа асфальт төселгенін тілге тиек етті. Осы тұста ел болашағы – жастарға білім беру жолында маңызды рөл атқаратын жоғары оқу орнына айрықша қамқорлық жасайтын облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаевқа да алғысын жеткізді. Ермағанбет Бөлекпаев өз кезегінде сөз алып, білім ордасының ұжымына лебізін арнады.

– Құрметті әріптестер, профессорлар, оқытушылар, баршаңызды шын жүректен құттықтаймын! Бұл – тек университет ұжымының ғана емес, тұтас облыстың жетістігі деп білемін. Бұл мәртебе – университеттің ұзақ жылдар бойы қалыптасқан ғылыми әлеуетінің, жоғары білім беру сапасының, тынымсыз еңбегінің нәтижесі.

Енді білім ордасының алдында жаңа міндеттер мен белестер тұр. Тарихқа бай, тамыры тереңге жайылған білім ордасы десе, еске әуелі қазақтың заңғар ғалымы Ебіней Арыстанұлы түседі. Сонымен қатар, білім саласындағы әйгілі реформатор, айтулы педагог Сұлтан Досмағанбетовті де атап өтпеске болмас. 1996 жылы Сұлтан Досмағанбетовтің басшылығымен университет құрамына Қарағанды педагогика институты кірді. Бұл – білім ордасының еліміздегі интеллектуалды орталыққа айналуында маңызды рөл атқарды. Университеттің заман талабына сай жаңа белестерге көтерілуіне ықпал еткен Жамбыл Ақылбай, Зейнолла Молдахмет, белгілі физик, «Ғасыр адамы» Темірғали Көкөтай сияқты академиктер мен еңселі тұлғалардың жарқын бейнесін еске аламыз, – деді Ермағанбет Бөлекпаев.

Облыс әкімі ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев кейінгі жылдары ғылымға зор үлес қосып келе жатқан Е.Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық-зерттеу университетінің жетістіктеріне ерекше назар аударатынын айтты.

Қарағандыға арнайы келген Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек жаңа мәртебенің артықшылықтарына тоқталды.

– «Ұлттық университет» деген мәртебе оқу орнына не береді? Біріншіден – жоғары оқу орнына мемлекет тарапынан бөлінетін қаражат көлемі артады. Бұл қаражат ғылымның дамуына және сол мақсатта қызмет ететін ұстаздардың жалақысына үлестіріледі. Яғни, оқытушылардың жалақысы өседі деген сөз. Сонымен қатар, болашағынан зор үміт күттіретін студенттерге берілетін грант мөлшері көбейеді. Бұл қаражат ғылыми орталықтар мен зертханалардың да, технопарктердің де ашылуына сеп болмақ. «Ұлттық университет» мәртебесі еліміздің түпкір-түпкіріндегі талантты һәм талапты жас өрендердің осы білім ордасына келуіне себеп болады. Әлеуеті зор жас ғалымдардың да легі осында ағылады. Е.Бөкетов атындағы университет – «Ұлттық» мәртебесін алған тұңғыш өңірлік университет, – деді Саясат Нұрбек.

Арнайы мәртебе академиялық және ғылыми дербестікті кеңейтуге, қосымша ресурстар мен үздік ғалымдарды тартуға, сондай-ақ, халықаралық білім беру кеңістігіндегі позицияны нығайтуға мүмкіндік береді.

Суретті түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

Академия ашылатын күн жақын

Аймақта футболды дамытуға жаңа серпін беретін маңызды бастама қолға алынды. Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев пен Freedom Holding Corp. бас атқарушы директоры, Freedom QJ League қамқоршылық кеңесінің төрағасы Тимур Турлов футбол инфрақұрылымын өркендетуге бағытталған меморандумға қол қойды. Құжатқа сәйкес, компания алдағы төрт жыл ішінде аймақ футболына 18,5 миллиард теңгеден астам инвестиция құяды. Оның ішінде, 12 миллиарды футбол академиясын салуға жұмсалса, қалғаны бұқаралық футбол мен жасөспірімдер дайындығына бөлінеді.



Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Салтанатты рәсім Қарағанды облыстық футбол қауымдастығының кезектен тыс конференциясы барысында өтті. Маңызды жиынға облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев арнайы қатысып, қауымдастық президенті өкілеттігін тоқтатып, оның орнына Тимур Турловтың кандидатурасын ұсынды. Делегаттар ашық талқылаудан кейін оның кандидатурасын толық қолдап, бірауыздан мақұлдады.

– Футбол – жай ғана спорт емес. Мемлекет басшысы бұқаралық спорттың осы түрін дамытуға ерекше мән беріп отыр. Сол себепті де, бүгінгі конференцияда қауымдастыққа жаңа президент сайлап, өңіріміздегі спорт инфрақұрылымын дамытудың жаңа кезеңін бастауды қолға алдық, – деді Ермағанбет Бөлекпаев.

Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев биылғы Ұлттық Құрылтайда: «Әрбір өңірде балаларға арналған футбол алаңы болуы тиіс. Бұл – алдағы екі жылдың міндеті. Сонымен қатар, клубтық футболды жаңа деңгейге шығару үшін коммерцияландыру қажет» деген болатын. Ел Президенті көтерген бұл бастама футболды дамытудың ұлттық деңгейдегі жаңа бағытын айқындап берді.

Жаңа сайланған ассоциация президенті Тимур Турлов конференцияда өз бағдарламасын таныстырып, аймақтағы бұқаралық және балалар-жасөспірімдер футболына басымдық берілетінін жеткізді. Оның айтуынша, үлкен жетістіктер кәсіби стадиондардан емес, ең алдымен ауладағы ойындар мен мектеп алаңдарынан басталады.

– Футбол дамуы үшін жүйелі тәсілдер,



ашық басқару мен жоспарлы инвестициялар қажет. Ұсынған жобам жергілікті футболға жаңа серпін беріп, спорт инфрақұрылымын өркендетеді, – деді ол өз сөзінде.

Жоба аясында 3 500 адамға арналған стадион, жыл он екі ай жұмыс істейтін жабық манеж, жылыту жүйесі бар жаттығу алаңы, жа-

тақхана, медициналық бөлімшелер мен басқа да инфрақұрылым нысандары салынбақ. Сонымен қатар, облыстағы қолданыстағы нысандарды жаңарту жоспарланып отыр.

Бағдарлама мазмұны бұқаралық футболды өркендетуге арналған жобаларды қамтиды. Оған білім беру ұйымдарымен бірлескен бағдарламалар, әуесқой турнирлер, қыздарға арналған футбол фестивалдері және елдімекендерде шағын алаңдар салу бастамалары кіреді. 2029 жылға дейінгі жоба 100-ден астам балабақша мен мектепті, 40 мыңнан астам оқушыны және 3 600 студентті қамтуды көздейді. Балалар мен жасөспірімдер спорт мектептерінде жаттығу үшін заманауи жабық манеждер мен толық өлшемді алаңдар қолжетімді болады.

Облыстық жарыстардың форматы да қайта қаралып, жасөспірімдер үшін апталық чемпионаттар ұйымдастырылады. 10-12 жас аралығындағы балалар шағын форматтағы додаларда бақ сынаса, ең кішкентай ойыншыларға бір күндік футбол фестивалдері өткізіледі.

Жас бапкерлер мен мамандарға арналған оқыту бағдарламалары іске қосылып, үздіктеріне UEFA лицензиясын алуға немесе халықаралық тағылымдамадан өтуге гранттар бөлінеді.

Суреттерді түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

• Өңірлерді дамыту

Жарық беру тұрақталады

Шет өңіріндегі қарапайым халықтың оты өшпеді, шырағы сөнбеді десек те, электр қуатының әлсін-әлсін үзіліп қалуы елдің жүйкесін жұқартқан еді. Шіріген бағаналар, қырық жамау сымдар, ескірген трансформаторлар – Шет ауданындағы электр қуатының шынайы ахуалы еді. 23 жылдан бері «Шет-Энерго» компаниясының қарамағындағы желілер 12 ауылдық округ пен 28 елдімекенді қамтығанымен, бірде-бір рет жүйелі жөндеу көрмеген. Әр найзағай ойнап, әр жел тұрғанда қараңғылық ауылды тұмшалап, 12 мыңнан астам тұрғын отсыз, сусыз, жылусыз қалатын.



Салтанат ІЛНИЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Әлеуметтік нысандар – мектеп пен аурухана да жарықсыз қалған күндерді бастан кешті. Тек өткен жылдың өзінде электр жарығы 324 рет өшсе, биылғы жарты жылда 256 рет желіден ажыратылды. Ақпан айында ахуал шегіне жетіп, аудан аумағында жергілікті деңгейде төтенше жағдай жарияланған еді.

Желілерді тексеру барысында «Шет-Энерго» жобалық электрмен қамту сызбасын түбегейлі өзгерткені анықталды. Бұрынғы 14 жоғары кернеулі қосалқы станцияның орнына тек 5-уі ғана жұмыс істеп тұрған. Батық, Ақой, Красная Поляна, Пикет пен Қармыс ауылдарындағы қосалқы станциялар түгелдей алынып тасталып, олардың орнына жобаға сай келмейтін тарату пункттері орнатылған. Сондай-ақ, аудандағы 115 жинақы трансформаторлық қосалқы станцияның орнына бар-жоғы 39 ғана қалған, олар шамадан тыс жүктемемен жұмыс істеп, электр қуатының әлсіреуіне әкелген. Көсіпорында алдын алу және жөндеу жұмыстарын жүргізетін материалдық-техникалық база да болмаған. Қарағанды облысы бойынша Атомдық және энергетикалық қадағалау мен бақылау комитеті жүргізген тексеріс нәтижесінде электр энергетикасы саласында 448 заң бұзушылық тіркелді. Бұл деректер «Шет-Энерго» компаниясының энергия тасымалдаушы әрі таратушы ұйымдарға қойылатын талаптарға сәйкес келмейтінін және халықты сапалы әрі



сенімді электр қуатымен қамтамасыз ете алмағанын көрсетті.

Аталған кемшіліктердің салдарынан «Шет-Энерго» ЖШС-нің мүліктері мен жер учаскелері мемлекет қарауына берілді. Тәуелсіз бағалау жүргізіліп, меншік иесіне өтемақы төленді. Қазіргі таңда Шет ауданы әкімдігі халықты жарықпен тұрақты қамтамасыз ету үшін барлық шараларды қолға алып отыр.

Бүгінде 23 жаңа жинақы трансформаторлық қосалқы станция орнатылып, 30 ажыратқыш пен 11 трансформатор ауысты-

рылды. Сондай-ақ, 1150 метр сым жаңартылып, ескі электр бағаналары біртіндеп ауыстырылуда. Жүргізілген жұмыстардың барлығы аудан халқын үздіксіз әрі сапалы электр энергиясымен қамтуға бағытталған.

Шет ауданында жылдар бойы қордаланған электр желілерінің мәселесі мемлекет бақылауына алынып, жүйелі түрде шешімін таба бастады. Бұл бастамалар тұрғындардың өмір сапасын арттыруға, әлеуметтік нысандардың тұрақты жұмысын қамтамасыз етуге және өңірдің экономикалық дамуына оң ықпал етпек.

Орталық он бағаланды



ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫН
ОРИНДАЙ ОТЫРЫП...

Жақында Балқаш қаласына Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссия өкілдері мен облыстық басқарма басшыларынан құралған делегация жұмыс сапарымен келді. Сапардың негізгі мақсаты – «Отбасын қолдау орталығы» мен «Жастар денсаулығы орталығының» қызметімен танысып, мемлекеттік отбасы және жастар саясаты аясында көрсетіліп жатқан қызметтердің тиімділігін бағалау болды. Сондай-ақ, қиын жағдайға тап болған отбасылар мен жастарды қолдау мәселелерін талқылау.



Нұрдос КӨРІМ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Делегация ең алдымен, Балқаш қаласындағы «Отбасын қолдау орталығында» болды. Орталық басшысы Айнуір Қаримованың айтуынша, халыққа көрсетілетін әлеуметтік қолдау тиімділігін арттыру мақсатында цифрландыру және FSM әлеуметтік ақпараттық жүйесі кезең-кезеңімен енгізілуде. Орталық «Отбасыларды қолдау мен көмек көрсетудің бірыңғай орталығы» ретінде отбасы институтын нығайту, әйелдер мен балалардың құқықтарын қорғау, тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу бағытында кешенді шараларды жүзеге асырып келеді. Мәселен, соңғы 7 айда FSM жүйесі арқылы 59 сигнал тіркеліп, нақты отбасылармен әлеуметтік жұмыс жүргізілген. 12 отбасыға жұмыспен қамту бойынша көмек көрсетілсе, 24 отбасына тұрғын үй мәселелері бойынша кеңес және қолдау берілген. Сондай-ақ, азаматтар «Қарызыз жоқам» бағдарламасы аясында оқуға жолданған.

Одан кейін делегация «Ғибрат» жастар денсаулығы орталығының қызметімен танысты. Бұл мекеме жастарға медициналық, әлеуметтік және психоло-

гиялық көмек көрсететін бірегей орталық болып табылады. Мұнда акушер-гинеколог, уролог, дерматовенеролог, педиатр және психолог мамандар қызмет көрсетеді. Жастарға денсаулықты сақтау, отбасын жоспарлау, алдын алу шаралары бойынша кеңестер ұсынылады. Орталықта релаксация залы, тренажер залы, ақпараттық бейнематериалдар көрсетілетін бөлімдер бар.

Сонымен қатар, іссапарысында комиссия мүшелері отбасы құндылықтарын дәріптеу, жастардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру, әлеуметтік қолдау көрсетудің жаңа тетіктерін талқылады. Делегация мүшелері мұндай орталықтардың жұмысы елдің әр өңірінде дамытылып, отбасылық-демографиялық саясаты жүзеге асыруда үлгі бола алатынын ерекше атағанын айту керек.

Айта кетейік, мониторинг қорытындысы бойынша делегация екі орталықтың да материалдық-техникалық базасын, кадрлық әлеуетін және цифрлық жүйелердің енгізілу деңгейін жоғары бағалады. Жұмысы жанданған мекемелердің отбасылар мен жастарды қолдауда маңызды рөл атқаратынын атап өтті.

БАЛҚАШ

Жаңа дәуірдің мектебі

Қазір «Келешек мектептері» деп аталатын ұлттық жоба аясында жаңа заманға сай заманауи мектептер салынып жатыр. Аталған ауқымды жоба – барлық баланың бірдей білім алуына бағытталған бастама. Мұндай қолайлы, жайлы, қауіпсіз және жаңа технологиялар мүмкіндігімен жарактандырылған, қала мен ауыл баласы арасындағы теңсіздікті жоюға арналған мектеп – соңғы отыз жылда болмаған серпін. Сонымен, ел таңдауына ие болып отырған «Келешек мектептері» несімен ерекше? Тарқатып көрелік.

Гүлнұр СЕРІКЖАНҚЫЗЫ, «Ortalyq Qazaqstan»

Жалпыұлттық жоба – ортақ игілік

2022 жылы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев елімізде орта білім беру жүйесін толығымен жаңарту мақсатында «Жайлы мектеп» ұлттық жобасын іске асыру туралы бастама көтерді. Бұл жоба халқы тығыз шоғырланған ірі қалаларда жаңа мектептер салып, ескі білім ордаларының жүктемесін жеңілдетуді, яғни, үш ауысымды мектептердің мәселесін шешуге бағытталған. Сонымен қоса, қала мен ауыл арасындағы білім берудегі әлеуметтік алшақтықты жоюды, ауылдық жерлерде білім беру сапасын арттыруды көздейді. Мұндай мектептерде оқитын оқушылар үшін халықаралық стандарттарға сай сапалы білім алуына жағдай жасалады. Осы арқылы елдегі білім беру инфрақұрылымы түбегейлі жаңартылып, барлық балаға тең мүмкіндік ұсынылады.

Үш жыл бұрын басталған бағдарлама нәтижесіз емес. Оқу-ағарту министрлігінің дерегі бойынша, жоба аясында құлағалы тұрған ескі 32 мектептің және оқушылары үш ауысыммен оқып келген 71 білім ошағының орнына жаңа мектептер бой көтерген. Нәтижесінде үш ауысыммен оқитын мектеп саны қазір 1%-дан аз. Елдегі 200 мектепте орын жетіспеу проблемасы біржола шешілді. Бұл жағдай оқушылардың оқу үлгеріміне, денсаулығына, жалпы дамып-жетілуіне сөзсіз оң әсер етеді.

Президент ерекше атап өткендей, «Келешек мектептері» жобасының басты мақсаты – білімге инвестиция құю арқылы елдің ертеңіне инвестиция салу. Бұл тек қала ғана емес, шалғай өңірдегі ауылдар да қалыс қалмайтын жалпыұлттық жоба.

Облыста төрт бірдей мектеп есігін ашады

Әу баста бұл мектептердің атауы «Жайлы мектеп» болды. Себебі, ең алдымен инфрақұрылымын дамытуды көздеді. Сөйтіп, білім ошақтарының ғимараттары салынып, заманауи жабдықтармен қамтылды. Ал, білім сапасын жақсарту кезеңінде «Келешек мектептері» деп аталды.

Атау өзгерсе де, мақсат бір. «Келешек мектептері» болып аты өзгерген жоба балаларға қазіргі заман талабына сай жағдайда тегін әрі сапалы білім беруді мақсат етеді. Бұл бастама мектептің материалды-техникалық базасын жақсартып қана қоймай, балалардың шығармашылық және зияткерлік қабілетін ұштайтын кеңістік болып отыр.

Қарағанды облысында да білім беру жүйесі тың серпінімен дамып келеді. «Келешек мектептері» жобасы аясында облыста 2023 жылдан бастап, 7 100 оқушыға арналған 10 мектептің құрылысы басталған болатын. Былтыр Қарағанды қаласында үш, Балқаш қаласында бір мектептің құрылысы бітіп, оқушылардың игілігіне пайдалануға берілді. Биыл да 4 мектеп ашылады деп күтілуде. Оның бірі – апатты жағдайдағы мектептің орнына салынған Талды ауылындағы 200 орынға арналған білім ошағы. Қалғандары – «Келешек мектептері» жобасы аясында бой көтерген Қарағанды қаласындағы Гүлдер шағын ауданында 300 орынды, Томирис шағын ауданында 1200 орынды, Балқаш қаласында 900 орынды қамтитын мектептер жұмысын бастайды.

«Келешек мектептері» жобасы аясында 2025 жылдың соңына дейін 2700 орынды қамтитын 6 мектептің құрылысы аяқталады деген жоспар бар. Қарағанды қаласындағы бір мектеп, сондай-ақ, Бұқар жырау ауданындағы 3 және Шет



ауданындағы 2 мектеп «Келешек мектептері» жобасы бойынша кезең-кезеңімен пайдалануға беріледі. Облыстың білім басқармасының дерегінше, Бұқар жырау және Шет аудандарында салынып жатқан мектептер тек жаңа ғимарат қана емес, толыққанды заманауи білім кеңістігіне айналмақ. Бұқар жырау ауданындағы Нұра станциясында, Доскей және Үштөбе ауылында 300 оқушыға арналған «Келешек мектептерінің» салынуы – ауыл балаларының заманауи құрылғыларды мектеп қабырғасында-ақ еркін меңгеріп, шығармашылық пен технологияны қатар игеруге мүмкіндік береді. Кең әрі жарық сыныптар, цифрлық жабдықтар, бейіндік курстар мен қауіпсіз орта – ауыл мектебінің жаңа келбетін қалыптастырады. Енді оқушылар өз ауылынан-ақ арманын жүзеге асыра бастайды.

Ал, Шет ауданындағы Ақсу-Аюлы және С.Сейфуллин кенттерінде ашылатын жаңа мектептер – ауылдағы ең ірі білім ошақтарының біріне айналмақ. Мысалы, С.Сейфуллин ауылында 35 сынып-комплектпен 519 оқушы оқиды деген жоспар бар екен. Бұл мектепке осы ауылдың оқушылары мен мұғалімдері көпші келетін көрінеді. Осылайша, көрші ауылдың білім ошақтары біріктіріліп, ортақ ресурсқа қол жеткізбек. Сөйтіп, ауыл баласы заманауи технологиялар арқылы оқытылып, қала баласымен бірдей сапалы білім алады.

Дәл осындай мектеп жыл басында Көгілдір тоғандар шағын ау-

данында, «Томирис» тұрғын үй кешені аумағында ашылған болатын. Аталған №24 жалпы білім беретін мектебі Б.Момышұлы атындағы білім ордасының жүктемесін азайтып, жыл басында 600 оқушы мен 30-ға жуық мұғалімін қабылдаған. Қазіргі уақытта аталған білім ошағында 800 бала білім алуда.

«Келешек мектептерінің» ерекшелігі неде?


«Келешек мектептері» жобасымен салынып жатқан білім ошақтарының аумағы типтік мектептерден 15-20%-ға үлкен. Өйткені, ескі стандарттағы мектеппен салыстырғанда ондағы техникалық жарактану деңгейі 4 есе жоғары. Роботтехника кабинеттері, STEM-зертханасы, хореография залы мен коворкинг алаңы, жаңа форматтағы кітапхана, 4 спорт залы, алғашқы әскери дайындыққа арналған алаң оқушылардың шығармашылық қабілетін шыңдауға, әрқайсысының бойындағы талантын мектеп қабырғасынан танып, ықыласын ашуға арналған. Жоба мұғалім мәртебесін арттырып, жас мамандарды ауылға тартуға жол ашады.

Сондай-ақ, қауіпсіздік шаралары күшейтілген. Бастауыш және жоғары сынып оқушылары үшін бөлек блоктар қарастырылған. «Келешек мектептеріндегі» тағы бір ерекшелік – барлық бала мүмкіндігі мен денсаулығына қарамастан, осындай заманауи мектептерде білім алады.

Жоба аясында бой көтерген білім беру ұйымдарында кәсіптік бағдар берудің жаңа әдісі қолданылмақ. 7-сыныптан бастап тереңдетілген бейіндік оқыту, тәлімгерлік жүйесі және жеке білім беру курстары енгізіледі. «Мансап компасы» атты арнайы цифрлық платформа енгізілуде. Бұл оқушыларға болашақ кәсіби бағытын және әрі қарайғы білім алу жолын саналы түрде таңдауға көмектеседі.

Жоба аясында салынған №24 жалпы білім беретін мектептің директоры Қанат Бектеміров «Бұл – жай ғана білім ордасы емес, әр баланың қабілетін ашып, білімі мен өнерін шыңдайтын, арманына қол жеткізетін жайлы мектеп», – дейді. Бұлай деуіне негізгі себеп, оқушылар бұл жерде білім алып қана қоймай, сабақтан соң үйірмелерге қалып, шығармашылықпен айналысуына барлық жағдай жасалған. Директордың айтуынша, білім ордасы күні кеше ашылғанымен, жетістігі де жоқ емес. Мектеп оқушылары шығармашылық жағынан облыстық, республикалық байқаулардан түрлі деңгейдегі орындар алып жатыр екен.

– Заманауи мектептердің білім сапасына оң әсері бар. Қай жағынан алып қарасаңыз да, қажеттінің бәрі бар, мүмкіндік мол. Оқу үдерісі толық цифрландырылған. Соның арқасында мұғалімдер өз сабағын тереңдетіп оқыта алады. Сол себепті, кез келген оқушылардың пәнге деген қызығушылығы артады, білімді терең меңгереді. Кейін түрлі жарыстардан оқ бойы озып келеді, – дейді Қанат Бектеміров.



РЕФОРМА – ӨМІРШЕҢ ӨЗГЕРІСТЕР

«Келешек мектептері» ұлттық жобасы басталғанда жаңа кәсіби біліктілікті меңгерген педагогтер дайындау ісі де қолға алынған болатын. «Келешек мектептеріне» педагогтерді іріктеу №57 бұйрық негізінде жүргізіледі. Қазіргі уақытта Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, бұл мектептерге жеке басқару жүйесі енгізіліп жатыр. Соған байланысты мұғалімдерді іріктеу, мектеп басшыларын тағайындау, мектептердің стратегиялық дамуы пысықталып жатыр. Ал осыған дейін жайлы мектептердің директорлары болып «Білім беру саласындағы өзгерістердің 1000 көшбасшысы» жобасы арқылы іріктелген жеңімпаздар тағайындалды.

Отандық

экономикаға серпін

Жобаны іске асыру барысында отандық экономиканы қолдауға және жаңа жұмыс орындарын құруға ықпал ететін жергілікті тауар өндірушілерге басымдық беріледі. Мәселен, облыстағы мектептерді салу кезінде 30 қарағандылық кәсіпорынның құрылыс материалдары пайдаланылған. Мәселен, Көгілдір тоғандардағы жайлы мектептің құрылысы мен жабдыкталуына 10 жергілікті тауар өндіруші жұмылдырылған. Олар құрылысқа қажетті бетон, еден плиталары, дөңкерленген тор, витраждар, желдету жабдықтары, есік блоктары, шам сияқты өнімдерді жеткізді.

Сондай-ақ, білім мекемелерін салу кезінде Қарағандыда өндірілген жиһаздар, терезелер мен жылыту құралдары қолданылады.

Суретті түсірген Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

СУРЕТТЕ: «Келешек мектептері» жобасы негізінде салынған №19 білім ордасының оқушылары

Қараусыз ғимараттың қожасы кім?

(Соңы. Басы 1-бетте)

Қазір тіпті, мектептің бірінші қабатындағы терезенің әйнегі шағылыпты.

Бір жылдары мектептің талабымен қожайын В.Долгомыслов өзіне тиесілі құрылыс нысанының есік-терезелерін кіршіппен жауыпты. Бірақ, бұзақылар өз ыңғайына қайта келтіріп алған-ды. Қараусыз қалған жер жүгенсіздердің «жайлы мекені» болып тұр.

Мектеп мазасын алып тұр

Мәселенің мән-жайын білмекке М.Жұмабаев атындағы гимназияға ат басын бұрып, директор Саян Жекебаевпен тілдестік, мектеп аумағындағы қараусыз ғимаратты тағы бір мәрте көзбен көрдік.

– Қаңыраған бос ғимарат мектеп аумағында болғандықтан, бізге өте қиын, алаңдаймыз. Неше түрлі адам келеді, жүгенсіз кеткен жасөспірімдер де, тіпті, біздің мектептің балалары да кіріп кетеді. Оның ішінде, балалар жүргіріп ойнайды. Мертігін кете ме деп уайымдайсың. Кейде басқа мектептің балалары да ұстап аламын, өз мектептерінің мұғалімдеріне хабарласып, дабыл қағамын. Күзетші хабарласа қалса, уақыттын қай мезгіліне қарамастан, алып-ұшып кетемін, ғимараттан балаларды шығарып жібереміз. Біз қашанғы алыса береміз, біздің одан да толып жатқан жұмысымыз жетерлік, – деді мектеп директоры Саян Жекебаев.

Білім беру мекемесінің басшысы ғимарат иесі В.Долгомысловты мектепке шақырып, бірнеше рет кездескен екен. Директордың сөзінен, меншік иесі «Құрылыс нысанын салуға қаншама қаражат жұмсадым, енді тегіннен тегін ешкімге бере алмаймын» дейді екен. «Тым болмаса, балаларға зияны тимес



үшін құрылыс нысанын қоршап қойыңыз» деген өтініш айттым, қалған шаруа менің құзырымда емес», – дейді директор.

Содан кейін де еш өзгеріс болмаған. Балалардың қауіпсіздігіне алаңдаған мектеп әкімшілігі өзі істеуге мәжбүр болыпты. Қалалық білім бөлімінің қолдауымен ғимаратты темір шарбақпен қоршаған. Үңірейген есіктерді темір есікпен бекітіп, жауып қойыпты. Сонда да, әлдебір балалар темір есікті жұлып алардай тартқылайтын көрінеді.

Ғимараттың жеке иесі болғандықтан да, билік органдары қауқарсыз. Мәселе шешімін таппай келе жатқаны содан.

Қалалық білім бөлімінің басшысы Есентай Әшім «біздің тараптан несіне де бірнеше хат жолданды» дейді. Алайда, еш нәтижесіз.

– Ол ғимаратта не ашылса да, мектепке бөгеті болады. Оның

астындағы жер ғана меншік иесіне тиесілі. Бекітілген аумағы да жоқ. Сондықтан, сүрілгені дұрыс, – дейді Есентай Мұқатайұлы.

Күрделі мәселе – депутаттар назарында

Содан бері не өзгерді дейсіз ғой. Шешімін таппай жүрген күрделі мәселе қалалық мәслихат депутаттарының назарына ілігіпті. Депутаттар мектеп аумағында тұрған ғимаратты көзбен көріп, директорымен тілдескен.

13 тамызда Қалалық мәслихаттың тұрақты комиссияларының бірлескен отырысында М.Жұмабаев гимназиясының аумағында орналасқан қараусыз ғимараттың жай-күйі қозғалып, хаттамаға енгізіліпті.

– Құрылыс нысанын қоршалмаған, қауіпсіздік жағынан да талапқа сай емес, санитарлық норма сақталмаған. Ғимарат иесіне

санитариялық-эпидемиологиялық станция айыппұл салу керек. Заңнамаға сәйкес, мектеп маңайы санитарлық нормаға сай таза болуы қажет. Балаларға зияны тиетін болған соң мектеп әкімшілігі айналасын қоршап қойды. Сонда да қауіп сөйлемек емес, – дейді қалалық мәслихат депутаты Марат Қанатұлы.

Депутаттың айтуынша, Қарағанды қаласының жер қатынастары бөлімі мәселе иесіне ұсыныс жасағанымен, нәтижесіз. Өйткені, ол қирап жатқан ғимаратты қымбатқа сатқысы келеді екен. Бір сөзбен айтқанда, қожайынға есікшінің тісі батпай тұр.

«Ғимарат иесінің жауапкершілігін арттыру керек. Жылдар бойы құрылысы аяқталмаған бос ғимаратты қаңыратып қойды. Одан келер залал кімге болса да мәлім. Ескерту жасалды, заңнамаға сәйкес ары қарай прокуратура айналысады», – дейді депутат.

Заң не дейді?

Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығымен бекітілген «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларына сәйкес мынадай ережелер бар. Бұйрықтың 2-тарауының 6-шы тармағында «Жалпы білім беру ұйымдарының және білім алушылар мен тәрбиеленушілердің тұратын орындарын ұйымдастыратын объектілердің аумағында саулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы мемлекеттік нормативтер талаптарына сәйкес барлық периметрі бойынша қоршау болуы тиіс. Қоршау зақымдалмаған болуы тиіс», 7-ші тармағында «Объектілердің аумағында білім беру процесімен функционалдық байланысы жоқ ғимараттарды, құрылыстар мен құрылысжайлар орналастыруға жол берілмейді» деп жазылған.

Ғимарат әу баста балалар бас-сейні болады деп салына керек. Ғимаратты қозғете жаратқанның өзінде білім беру мекемесіне тиесілі оқу орны болу қажет. Алайда, не сүрілмейді, не қолданысы берілмейді. Мемлекет меншігіне қайтару да оңай шаруа емес екен.

Түйткіл түйіні қашан тарқатылады?

Сонымен ғимарат иесі М.Жұмабаев гимназиясының аумағында тұрған ғимаратты сатып, мемлекет меншігіне бергісі келмей ме? Бұл мәселе қалай шешімін тапқаны дұрыс? Ойын білмекке Владимир Долгомысловтың өзіне хабарлас-тық.

Қожайынның айтуынша, бұл күрделі мәселе екен. «Ғимараттың шаруасы бірден шешіле салатын дүние емес. Бұл жайттан облыс әкімі, қала әкімі де, жалпы тиісті органдар да хабардар. Алдымен әкімдіктен ұсыныс түсіп, келісім жасалды. Мектеп аумағында тұрған

соң осы ғимаратты оқу сыныптары немесе балаларға арналған жаузу бассейні ретінде пайдалануға болады. Қала әкімдігі сатып алуға шешім қабылдады, бағалау жасалды. Бірақ, сатып алуға жергілікті әкімдікте қаржы жоқ, ол республикалық бюджеттен бөлінеді екен. Сондықтан, мәселе жабуы күйінде қалды», – дейді меншік иесі.

Ғимарат пен мектептің арасы екі-ақ аттам жер. Өлі күнге дейін ғимарат орналасқан жер мен мектептің аумағы нақтыланбаған, яғни, территория қайсысына тиесілі екені белгісіз. «Бір жердің екі қожайыны болғаны ақылға сыймайтын нәрсе. Алдымен осыны реттеу керек. Мен, тіпті, мектеп аумағына қран кіргізуге де құқығым жоқ», – дейді Долгомыслов.

Бала қауіпсіздігіне

барша қоғам жауапты

Бала қауіпсіздігі – қашанда басты орында. Күні кеше Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Мектеп әр бала үшін қауіпсіз жер болуы керек» деді. Әрине, мектептің іші де, сырты да қауіп-қатерсіз болса қай-да-құп. Алаңдататыны – қараусыз ғимараттың мектептің аумағында тұрғаны. Онда оқушы жазым болса, кім жазықты?

Мәселе балаға келгенде, оның шешімі табылуы тиіс. «Білім саласы – мемлекеттік стратегиялық мәні бар сала, құзырлы мемлекеттік органдар білім саласындағы мәселелерден сырт қалмауы керек. Өйткені, ел келешегі – балалардың амандығы, оның денсаулығы және сапалы білім алуына барша қоғам жауапты» деген еді Мемлекет басшысы. Ендігі бұл мәселенің түйіні шешіліп, нүктесі қойылатын уақыт жетті.

Суреттерді түсірген автор

СУРЕТТЕ: Мағжан гимназиясының аумағындағы қараусыз ғимарат

Экономикалық өрлеудің жаңа көзі

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына арнаған Жолдауларында туризм саласына ерекше назар аударуы саланың ел экономикасының жаңа қозғаушы күшіне айналуы тиіс екенін ап-айқын аңғартады. Президент «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Жолдауында «Еліміздің туристік әлеуетін де пайдалану керек. Туризм осындай серпінді жобалар қатарында болуға тиіс», – деп, атаулы бағыттың стратегиялық маңызын нақты айқындап берді. Бір нәрсе даусыз. Қолда бар нығмет сергек те ширақ ой-сананы, орасан енекті, кідіріссіз іс-қимыл мен күш-жігерді, бастысы бірлікті талап етеді.

Ерканат КЕҢЕСБЕКҮЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Әлемге ашылар есік

Ал, «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Жолдауында Мемлекет басшысы «Туризм жобаларын жүзеге асырғанда табиғатқа зиян келтірмей, экологияны сақтау барынша маңызды екенін ерекше атап өткім келеді», – деп, осы саладағы даму тек экономикалық пайдамен шектелмей, экологиялық жауапкершілікпен ұштасуы тиіс екенін ескертті. Түптеп келгенде, туризм – тек көрікті мекенді тамашалау ғана емес, ұлттық экономиканы әртараптандырып, жаңа жұмыс орындарын ашудың, өңірлерді түлете дамытудың, мәдениет мәйегін жаңғыртудың тиімді құралы. Президенттің парасатты пайымынша, Қазақстан сол салада өз әлеуетін толық жүзеге асыруы үшін тың бастамалар мен батыл шешімдерге бет бұруы қажет. Сонда алдымен қайтпек керек? Жолаушының жолын жеңілдетіп, көңілін маркайту үшін әуел баста инфрақұрылым мен жол мәселесін оңтайлы шешу керектігі төбел аттай төбе көрсетеді. Мұны Премьер-Министр Олжас Бектенов те тіліне тиек етті.

– 2022 жылғы желтоқсанда Қазақстан Республикасының көлік-логистикалық әлеуетін дамытудың 2030 жылға дейінгі Тұжырымдамасы бекітілді. Бұл ретте Бағдарламада көзделген жол инфрақұрылымын, оның ішінде, жол бойындағы сервисті дамытуға бағытталған іс-шаралар Тұжырымдамаға интеграцияланды. Тұжырымдама шеңберінде халықаралық республикалық маңызы бар автожолдар бойында кемінде 200 заманауи нысан (толыққанды демалу үшін инфрақұрылыммен, жоғары жылдамдықты байланыспен, электромобильдерге ар-



WhatsApp желісінде тәулік бойы жасанды интеллект чаты жұмыс жасайды. Яғни, көрікті жерлер, маңызды маршруттар, тұрғын үй, тамақтану және қауіпсіздік ережелері туралы бәрін айтатын электронды нұсқаулық бұл. Бірнеше тілде қолжетімді. Әуежайлар мен теміржол вокзалдарында QR-кодтар орналастырылған. Арнаулы код арқылы туристер қауымы электрондық SIM картасын қосу, сенімді таксиге қонырау шалу, қонақүйді онлайн брондай алу сынды пайдалы тетіктер мен тіркеу және негізгі туристік нысандар туралы қажетті мәліметтерді әп-сәтте біле алады. Туристік ақпараттық орталық өңір қонақтарына қолдау көрсетіп, жаңа бағыттар әзірлеу үстінде.

Бұдан бөлек, Балқаш қаласы мен Қарқаралы ауданында осындай сапар орталықтары ашылады. Бір анығы, инвесторлар үшін 205,8 гектар бос жерге түгендеу жүргізілу үстінде. Туризм саласында 20 млрд теңге сомасына 17 инвестициялық жобадан тұратын пул қалыптастырылды. Алдағы үш жылда «Сарыарқа» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» акционерлік қоғамы тарабының қатысуымен Балқашта пәтерлері мен виллалары бар заманауи қонақ үйдің құрылысы басталады. Жоталы жобаны іске асыруға қалалардың әкімдері, жолаушылар көлігі басқармасы және туристік дестинацияны дамытуға тартылған басқа да мүдделі тараптар жұдырықтай жұмылдырылады.

Өткен жыл қорытындысы бойынша



сінде, балалары бар отбасылар Балқаш жағалауын қоса алғанда, өңірлерде қолжетімді және ұйымдастырылған демалысты таңдай алу мүмкіндігіне ие. Биыл жаңа рекорд болжануда. Елдегі ішкі туризм 10,5 миллион адамға жетуі мүмкін. Келісейік, келіспейік, салада ілгерілеу барлығын жоққа әсте шығара алмаймыз. Лайым, солай болғай!

Бес бірегей мекен

Қарағанды дегенде өз көзімізбен көруге тұрарлық бес бірегей орны бар екендігін естен шығармалық. Әуелгі шепте – «Бектау Ата». Сайын дала ортасында бұлағы бар фантастикалық кейіптегі жарқабақты жартастар қатары мен үңгір. Күш айғағы мен табиғи сұлулықтың айшығындай ерекше орын. Екінші орында «Ошағанды каньонын» жатқыза аламыз. Көңіл қыдыртып сейіл құруға әрі фотосессия атаулысына өте ыңғайлы, таңғажайып жартастары бар көркем шатқал. Үшінші орында «Туранг» атты тоғайы-жартылай шөлді аймақтағы турангадан сирек кездесетін орман, табиғаттың ерекше мүйісі. Төртіншісі – «Қызыл кент» – ортағасырлық өркениеттің іздерін сақтайтын ежелгі қызыл тас қала. Және соңғысы – «Бөгазы-Дөңдібай» мәдениетінің ошағы. Бағзыдан бөдішінің ізі қалған балбалдар, даланың алғашқы тарихын бейнелейтін қола дәуірінің археологиялық мұрасына кие үстеген қастерлі жер.

Задында Қарағанды – тек өндірістің емес, өркениет пен өр рухтың алтын ордасы. Тасының қынасы сөгілмеген, жолы Жер ананың келбетін әжімдеген қастерлі өлке – ықылым тарихтың ізі мен табиғаттың тылсым сырын тоғыстырған таңғажайып мекен. Бектау Атаның маңдайына ай қадаған үстірт үңгірінен бастап, қырық шілтенге қыдыры келіп шырақ жакқан ойпаңды Ошағандының құзар жартастарына дейін, әрбір орын – туған өлкенің тұмса сұлулығы мен рухани байлығын ойланған жанға оқпастан паш етеді. «Туранг тоғайы» – шөлдің қойнауында өмірдің тамырын жалғаған табиғаттың ғажайып күші болса, «Қызыл кент» – бабалар ізі мен тарих тағылымының куәсі. Асылында, «Бөгазы-Дөңдібай» мұрасы – қараңғы қапасты қажарған, тас ғасырынан тамыр тартқан төл шежіреміздің тірі парағы. Шіркін-ай! Қарағандыны тани түсу – талайлы тарихқа, таңғажайып табиғатқа, заңғардың зау тұрағы болған ұлттық болмысқа бір мезгіл салқар сапар шегу деген сөз. Өз еліңді тану – өзінді танумен пара-пар.


Аталған орайда, жолдар мен жол бойындағы сервис пен аймақтағы туристік инфрақұрылым игілігі тағы қарсы алдымыздан кесе көлденең шығары анық. Ендігіде көлік инфрақұрылымының қолжетімділігін арттыру мақсатында «Қаз-АвтоЖол» ұлттық компаниясы кешенді іс-шараларды жүзеге асыру үстінде. Басты назар республикалық маңызы бар автожолдарды жөндеуге әрі ұлттық стандарттарға сай, сапалы әрі жайлы жол бойы инфрақұрылымын дамытуға салы-

нады. Сондықтан, келер күндерде бағыт таппай адаса қоюыңыз неғайбыл. Облыс аумағындағы республикалық маңызы бар автожолдардың жалпы ұзындығы – 1843,5 шақырым. Биыл 10 учаскеде орташа жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Жалпы ұзындығы – 291 шақырымды құрайды. Жөндеу жұмыстары туристер жиі таңдайтын Қарқаралы, Балқаш көлі және Баянауыл бағыттарында басым.

Сервис сенім берсе игі

Самалы шипа болар, Сарыарқаның кең өлкесін көктей шоғғанымызда Қарқаралы курорттық аймағына дейін республикалық маңызы бар «Қарағанды-Аягөз-Тарбағатай-Боғаз» автожолы алып баратыны білер едік. Қарағанды мен Қарқаралы арасындағы арақашықтық 200 шақырым. Бүгінге дейін осы жолдың 17 102 шақырым аралығындағы бөлігінде орташа жөндеу жұмыстары жүргізілді. Жалпы ұзындығы – 85 шақырым. Бұл бағытта 10 жол бойғы сервистік нысан бар. Атайық, 6 кафе, 4 жанармай құю стансасы, 3 демалыс алаңы, 3 дәретхана мен 1 санитарлық-гигиеналық торап жұмыс істеп тұр. Биыл тағы бір санитарлық-гигиеналық торап пен сауда алаңының орнатылуы жосығымен жоспарланды. Мұнымен қатар, қырдың құтын сезінбек болып қыдырыстаған жүргінші үшін жол бойындағы нысанды электрмен жабдықтау, жарықтандыру және септик жүйесін орнату қарастырылған. Барлық нысандар ұлттық стандарттарға сай және жылы дәретханалармен жабдықталған. Ал, Балқаш көлі мен Балқаш және Приозерск қалаларына дейін «Астана-Қарағанды (сақиналанған айнала жол) – Алматы» автожолы арқылы жетіп үлгеруге болады. «Қарағанды-Балқаш-Сарышаған» бағыты бойынша бүгінде 68 жол бойы сервистік нысан (28 кафе, 22 ЖҚС, 16 қонақ үй мен кемпинг, 2 техникалық қызмет көрсету станциясы), 3 демалыс алаңы және 4 санитарлық-гигиеналық торап қызмет көрсетуде.

Бұл бағытта қосымша 2 сервистік нысан, 21 жаңа демалыс алаңы және 6 санитарлық-гигиеналық торап салу жоспарланған. Нысандар «Қарағанды-Балқаш-Бұрылбайтал» автожолын қайта жанарту жобасы аясында жүзеге асырылуда. Жоба автокөлікпен саяхаттайтын азаматтардың қауіпсіздігі мен жайлылығын арттыруға сеп. Туристік нысандарға апаратын жолдардың қолжетімділігін арттыру бойынша жұмыстар Қазақстанның сегіз өңірінде жүргізілуде. Бұл ретте Қарағанды облысы жобалардың ауқымы мен көлемі бойынша көш бастап тұр. Қолсағатыңыздың кіші тіліндей үдерісі білінбегенімен, туризмін түлеткелі тұрған қазағаны аймақ әлі-әзір кестеден кешіккенін айта қоймады. Жолдарды жөндеу және инфрақұрылымды дамыту – өңірдің туристік тартымдылығын арттыру стратегиясының маңызды бөлігі. Ыңғайлы жолдар, заманауи демалыс ай-



РЕФОРМА – ӨМІРШЕҢ ӨЗГЕРІСТЕР

мақтары мен сапалы сервис тұрғындар мен қонақтарға жайлы әрі қауіпсіз саяхаттауға теңдессіз мүмкіндік сыйлайтыны шындық.

Көз қуантарлық бір жайт, «Сарыарқа» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы Балқаш қаласында 4 және 5 жұлдызды қонақ үйлер салуға әлеуетті инвесторларды жұмылдыру үстінде. Бағдарлама шығармашылық көзқарас тұрғысынан қызықты. Әр кешенде кемінде 60 нөмірден болуы тиіс. Жетелі жобалар туризмнің дамуына және өңірдегі іскерлік белсенділіктің артуына ықпал етеді. Жобаларды жүзеге асыру үшін жер телімдерін «Сарыарқа» ӘКК ұсынады. Ал, жобалау және құрылыс жұмыстарын қаржыландыру, сондай-ақ, қонақ үй кешендерін салу – ашық конкурс нәтижесінде анықталған инвестордың міндеті. Қарқын алған құрылыс алаңдарының инженерлік инфрақұрылымын жергілікті атқарушы орган қамтамасыз етеді.

Жүйелі жұмыс Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасына сәйкес, әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялар құралдарын пайдалана отырып, «4» және «5» жұлдызды қонақ үйлер салу жобаларын іске асыруға жәрдемдесу мақсатында жүргізіліп жатыр. Атай кету керек, соңғы екі жылда Балқашқа туристік ағын 40%-ға артқан. Келушілер арасында тек қазақстандықтар ғана емес, Германия, АҚШ, Канада, Польша және Ресей елдерінен келген туристер де бар.

Семізбұғы саясында

«Әп-бөрекеңді!» дегізерлік тағы бір тың жаңалық. Бұқар жырау ауданындағы Семізбұғы көлінің жағасында жаңа демалыс аймағы мен шипажай кешені бой көтермек. Жобада туристерге арналған қонақүймен қатар емдік балшық пен тұзды суды қолданатын сауықтыру орталығының құрылысы көзделді. Семізбұғы көлі өзінің шипалы суымен, балшығымен аса танымал. Мәселен, тері ауруларына қарсы тиімділігімен әрі адам ағзасына оң әсерімен ерекшеленеді. Осы табиғи байлықты тиімді пайдалану мақсатында жаңа туристік аймақты дәл осы көлдің маңында орналастыру жоспарланған. Қазіргі таңда Бұқар жырау ауданының сәулет және қала құрылысы бөлімі тапсырысымен аумақтың егжей-тегжейлі жоспарлау жоспары әзірленуде. 62 гектар аумақта туристік инфрақұрылымды дамыту дтігелді. Мұнда қонақ үй, емдік-сауықтыру кешені, концерттер мен спорттық іс-шараларға арналған арнаулы алаңдар салынады.

Қолдағы жоспар барлық сараптамалық және келісім сатыларынан өткен соң, сәулет бөлімі жобалық-сметалық құжаттаманы әзірлеуге кіріседі. Одан кейін жоба жеке инвесторларға ұсынылады. Жобаны іске асыру және болашақ кешенді басқару жеке меншік құрылымдардың қолына беріледі. Семізбұғы көліне апаратын Корнеевка – Бұқар жырау бағытындағы 15 шақырым жолдың жөндеуі құба-құп болғандай. Болашақта туристер осы жолмен көлге еш кедергісіз жететін болады.

Жол жиегінде

...Бірде асфальт жолдың жиегінен бір туристің көлікке «тиеп» алдық. Беталысын нақ айтпады. Тек шұрайлы тау жыныстарын қолындағы фотоаппаратқа түсіруге әуес екен. Атын ғана атады. «Есімім Марк болады» деді ағылшынша. «Әлемді аралап жүрмін. Қазақстан – менің жиырма сегізінші аялдамам».

– Неге дәл осы жакқа келдіңіз?

Марк фотоаппаратын сөмкесіне салып, бізге қарап, жұмбақ жымиды.

– Бұл аймақтың геологиялық тарихы қызықты. Сіздерде тау жыныстары өте көне. Кейбір қабаттар Юра дәуіріне тиесілі. Мен оларды зерттеп, суретке түсіріп жүрмін.

Ғылыми жоба жолында жүрген тәрізді. Тек, таулы аңғарға жақындай бергенімізде ол бізге «Thanks a lot» деді де көліктен шығам дегендей асай-мүсейін қармана берді. Жол жиегінде кідірген біздерге Марк «Сіздер көкжиекті көре алатын бақытты ел екенсіңізді! Біздің жакта көкжиекті алып үйлер тасалап тастаған. Көкжиектеріңіз көмескі болмасын!», – деп тілек білдіріп, жөніне кетті. Не сиқыры барын кім білсін, әйтеуір, осы бір қарапайым тілек ұштығы санамызда қалыпты. Марқайып қалдық.

СУРЕТТЕРДЕ: өңірдегі туристік алаптар

Суреттер облыстық туризм басқармасының сайтынан



налған зарядтау станцияларымен және т.б. жабдықталған) салу көзделген, – деп атап өтті Премьер-Министр.

Спикердің айтуынша, көлік министрлігі «ҚазАвтоЖол» «ҰК» акционерлік қоғамымен әрі жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп, қолданыстағы және жоспарланған нысаналы нысандарды ұлттық стандартқа сәйкес келтіру тұрғысынан жүйелі негізде жеке инвесторлармен және объектілер иелерімен қоян-қолтық жұмыс жүргізуде.

– 2023-2024 жылдар кезеңінде жеке инвесторлар есебінен 75 заманауи нысан салынып, пайдалануға берілді. Сондай-ақ, 100-ден астам қолданыстағы нысанның нормативтік жай-күйі қалыпқа сай келтірілді. Осылайша, бүгінде 1 446 нысан жұмыс істейді, оның 90%-ы (1 309 нысан) Ұлттық стандарт талаптарына жауап береді, – деп хабарлады Министрлер кабинетінің басшысы.

Быттыр мен биыл

Өңір өмірінде демалысты ыңғайлы, қауіпсіз және қызықты ететін инновациялық цифрлық шешімдер енгізілді. Облыстық туризм басқармасының басшысы Ирина Любарскаяның мәлімдеуінше

өңірдегі туристік қызметтер көлемі 8,8 млрд теңгені құраған. Көрсеткіш көңілсіз емес. Саланың негізгі капиталына салынған инвестициялар 25 млрд теңгеден асты. Биыл 3,6 млрд теңге сомасына 11 жеке жобаны іске қосу көзделді. Бұл ретте мемлекеттік органдар мен бизнестің бірлескен жұмысы жүргізіліп жатқан бірқатар түйткілдер де жоқ емес. Мәселен, маршруттардағы санитарлық тораптар мен көрсеткіштердің жетіспеушілігі, ұялы байланыстың әлсіздігі, кәсіби гидтердің тапшылығы ара-тұра мемүндалайды. Ендігіде колледждер мен жоғары оқу орындары аясында экскурсовод даярлау курстарын құру, қолжетімді демалыс-кемпингтер, отбасыларға арналған турлар мен балалар лагерлерін дамыта түсу жоспарланды.

Кейінгі мәліметтерге сенген болсақ, барыс жортқан байырқалы Балқаш курорттық аймағы Қазақстандағы ішкі туризм көшбасшыларының қатарына кірді. Бір жыл ішінде ғана туристер саны 17%-ға өскен. Көзайым көрсеткішке инфрақұрылымды жақсарту, орналастыру орындарын кеңейту және көлікке қолжетімділік арқылы қол жеткізілген. Онымен қатар, kids go Free бағдарламасы оң динамиканы күшейтеді. Түп нәтиже-

• БІЗДІҢ МАМАН

Сөзі – қару, емі – дәру

Инсульт бүгінде кез келген адамда болуы мүмкін дертке айналды. Өлім-жітім мен науқастардың мүгедектігіне алып келу себебі жағынан екінші орында. Бетпе-бет келген ажалдан аман қалғандардың тек сегіз пайызы ғана толық қалпына келеді, 20 пайызы өз бетінше жүре алмай қалады деген статистика бар. Инсульт алған науқастарды емдеу, аяққа тұрғызып, қалыпты өмірге қосудың оңайлығы жоқ екенін аңғару қиын емес. Жауапкершілік жүгін арқалаған медицина қызметкерлері ғана инсульттен қорықпайды.

Жансая ОМАРБЕК, «Ortalyq Qazaqstan»

– Ауыр жағдайдағы науқас түскенде үркіп, ойланатын уақыт жоқ, – дейді профессор Х.Мақажанов атындағы көпбейінді аурухананың инсульт бөлімі меңгерушісі Әсел Артаева. – Бұл – шұғыл көмек көрсететін бөлім. Біздің негізгі мақсатымыз – науқасқа уақытылы әрі сапалы медициналық көмек көрсету, өмірін сақтап қалу әрі өмір сүру сапасын қалпына келтіру. Мұнда диагностика, жедел көмек, қарқынды терапия және оңалту жұмыстары жүргізіледі, – дейді дәрігер.

Өзін «Андрей» деп таныстырған науқас осыдан бірнеше күн



бұрын инсультпен түскен екен. Қазір аяқ-қолының ұйығаны басылған, сөйлеп жатыр.

– Аяқ-қолдың ұйығаны басылды. Ем жалғасып жатыр. Науқастың қан қысымы жоғары, әрі қант диабеті бар екен. Әлі де бақылауда. Үшінші, жетінші тәуліктен өтсе, бұдан да жағдайы жақсарады. Науқасқа бірден тромболитикалық терапия жасалды, – делі Әсел Нұржанқызы.

Дәрігердің айтуынша, тромболитикалық терапия – қазіргі таңда ишемиялық инсульт кезінде жоғары тиімді көмек көрсетудің бірден-бір мүмкіндігі екен. Ол зақымданған тамырдағы қан ағымын қалпы-

на келтіруге және ми тінінде қайтымсыз өзгерістердің алдын алуға мүмкіндік береді. Мұндай терапия шұғыл жасалуы тиіс.

– Түскен бетте транзиторлық ишемиялық шабуыл ма, инсульт па, нақтылаймыз. Транзиторлық ишемиялық шабуыл – уақытша миға қан жетіспеушілігі салдарынан пайда болатын, бірақ, қысқа уақыт ішінде толық жоғалатын неврологиялық бұзылыстармен сипатталатын жағдай. Әдетте, ол 24 сағат ішінде, көбіне бірнеше минуттан 1 сағатқа дейін созылады. Бұл кезде де инсультқа ұқсас белгілер байқалады. Мәселен, дененің бір жағы әлсізденіп, жансыздануы, сөйлеудің бұзылуы, көрудің нашарлауы, тепе-теңдікті жоғалту көрініс береді. Инсульттен айырмашылығы мұндай шабуылдан кейін ми тінінде тұрақты зақым болмайды, яғни, симптомдар толық жоғалады. Десе де, транзиторлық ишемиялық шабуыл ескерту сигналы екенін ұмытпау керек. Яғни, таяу уақытта нағыз инсульттің даму қаупі жоғары деген сөз. Сондықтан оны елемеуге болмайды, – деп түсіндірді дәрігер.

Тағы бір науқас – Марғұлан Дәуленов ауруханадан шығуға дайындалып жатыр.

– Қан қысымым көтеріліп, қарақұсым ауырды, басым айналды. Бірден жатқызды. Содан бері ем алып жатырмын, ауырғаны басылды, бас айналу кетті. Қазір әлдеқайда жақсымын.

Медбикелер жақсы, сыпайы. Дәрігерлер де білікті, барлығы өз жұмысын меңгерген. Негізгі жыл

сайын жатамын. Барлық қызметкерлерге алғысым шексіз, – дейді ол.

Бөлім жұмысы шұғыл әрекет ету негіздеріне құралған. Мұнда түсетін науқастардың дені – инсульт алғандар. Сол себепті, мұндағы жұмыс кәсіби түрде жүйелі жолға қойылған.

– Біздің бөлімде дәрігерлердің мультидисциплинарлық командасы бар, – дейді Әсел Нұржанқызы. – Кардиолог, терапевт, офтальмолог, реабилитолог және логопед мамандары жұмыс істейді. Әркім өзінің міндетін жақсы біледі, толығымен меңгерген. Дәрігерлер өз қызметін, медбикелер мен санитарлар өз қызметін атқарады. Мұнда реабилитация өте маңызды. Ол науқас түскен бетте басталады. Алайда, ол командалық шешім арқылы тағайындалады. Барлығы науқастың жағдайына байланысты. Егер денсаулығына кері әсерін тигізетін болса, жағдайы жақсарғанша оңалту жүргізілмейді немесе жеңіл түрде жүргізіледі. Тілі күрмелген науқастармен логопед жұмыс жасайды. Науқас шыққан кезде оңалтудың екінші кезеңі басталады. Туыстарына барлығын егжей-тегжейлі түсіндіреміз. Себебі, ендігі негізгі жауапкершілік солардың мойнында. Олардың жағдайды түсінуі мен қабылдауы қажет. Оңалтуды тұрғылықты жері бойынша емхана арқылы емдік дене шынықтыру, кинезотерапия, эрготерапияны жалғастыру қажет. Жалпы, алғашқы алты айда оңалтудың жасалуы өте маңызды. Осы кезде адамның қалыпты өмірге

оралу мүмкіндігі жоғары болады, – дейді бөлім меңгерушісі.

Әсел Артаеваның бөлім меңгерушісі болып тағайындалғанына көп болған жоқ. Бұл қызметке бірінші шілдеде кіріскен. Оған дейін осы ауруханада невропатолог маман ретінде еңбек етті. Оған қоса әр жылдары реабилитолог, инсульт бойынша ситуациялық орталықтың меңгерушісі, тәуекелдерді басқару бөлімінде медициналық құжаттарды жүргізу бойынша сарапшы болып еңбек етті. Дегенмен, бұл кездің бәрінде де невропатолог ретіндегі негізгі қызметін тастаған жоқ.

– Адам жұмысын жақсы көрсе, бөріне уақыт табады. Мен жұмысымды жақсы көремін, маған ұнайды. Басында қорқаныш болды. Бірақ, «көз – қорқақ, қол – батыр». Науқастарды қабылдап, кезекшілікке де шығып үлгеремін. Осы маман-

«Не деймін?» деп көп ойланамыз. Бұл жерде дұрыс сөз табу – маңызды. Адамдармен жұмыс істеу қиын. Ол кісілерден қандай реакция болатынын білмейсің, оны әркім әртүрлі қабылдайды. Бұл қауіпті де болуы мүмкін. Дәрігерлер – психолог. Адаммен жылы сөйлесу, көңілін табу, уайымын басу да өнер. Сөзбен де емдеуге болатынына, өз басым сенемін, – дейді Әсел Нұржанқызы.

Инсульт алғандарға жылы сөз де үлкен қолдауы. Себебі, кеше ғана шауып жүрген адамның бір сәтте мүмкіндіктерінен айрылып қалуы – соққы. Сонда дәрігердің тікелей көмегі мен қолдауы – бірінші кезекте. Ибн Сина айтқандай, жылы сөз де дәрігер қаруының бірі екеніне дау жоқ.

Бүгінде инсульт бөлімінде 45 адам ем алуда. Сонымен бірге, 3 интенсивті терапия блогы бар,



дықты таңдауды әкем айтты. Қазір уақыт өте келе, әкемнің ақылының, сол кездегі шешімімнің дұрыс екеніне көз жеткіздік, – дейді ол.

Х.Мақажанов атындағы көпсалалы ауруханада 2017 жылдан бері еңбек етіп келеді. Оған дейін Таразда және осындағы №3 емханада, ішкі істер органдарының госпиталінде бірнеше жыл невропатолог болды. Бірақ, бәрінен осы ауруханадағы қызметін ерекше көреді. «Өмірімнің көп бөлігі осында өтіп жатыр», – дейді ол. Бұл жағдайға отбасы да үйренгенін айтады.

Оның айтуынша, дәрігер қызметіндегі ең қиыны – науқастармен және олардың туыстарымен сөйлесу.

– Туыстарына науқастың қайтыс болғанын хабарлау – ең қиыны. Бәрі ойлайды «бізге оңай» деп. Бірақ, біз де «Қалай жеткіземін?»,

оның әрқайсында алты адамнан жатыр. Блоктардың өз санитарының, сол кездегі шешімімнің дұрыс екеніне көз жеткіздік, – дейді ол.

Х.Мақажанов атындағы көпсалалы ауруханада 2017 жылдан бері еңбек етіп келеді. Оған дейін Таразда және осындағы №3 емханада, ішкі істер органдарының госпиталінде бірнеше жыл невропатолог болды. Бірақ, бәрінен осы ауруханадағы қызметін ерекше көреді. «Өмірімнің көп бөлігі осында өтіп жатыр», – дейді ол. Бұл жағдайға отбасы да үйренгенін айтады. Оның айтуынша, дәрігер қызметіндегі ең қиыны – науқастармен және олардың туыстарымен сөйлесу.

– Туыстарына науқастың қайтыс болғанын хабарлау – ең қиыны. Бәрі ойлайды «бізге оңай» деп. Бірақ, біз де «Қалай жеткіземін?»,

Суреттерді түсірген Александр МАРЧЕНКО

Қорғансыздың күнін кешу енді жоқ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев медицина қызметкерлеріне шабуыл жасап, күш қолданып және қатыгездік танытқан әрекеттерге қатысты жазаны қатаңдатуы тапсырды. Осы мақсатта алдағы уақытта заңнамаға тиісті өзгерістер енгізілмек. «Біздің дәрігерлеріміздің денсаулығы мен әл-ауқатына нұқсан келтіретін мұндай оқиғалардың «Заң және тәртіп» қағидатына сәйкес құқықтық құралдармен түбегейлі жолын кесу керек», – деп атап өтті Президент өз тапсырмасында. Енді медицина қызметкерлеріне қол көтергендер 5 емес, 15 жылға дейін бас бостандығынан айырылуы мүмкін.

Жансая ОМАРБЕК, «Ortalyq Qazaqstan»

Кейінгі кезде жиілеп кеткен шабуылдар қатаң шараларды қолға алуға мәжбүрлейді. Қарағандыдағы облыстық клиникалық балалар ауруханасында және жекеменшік клиникада болған жағдайлар, одан кейін Қостанайда дәрігердің соққыға жығылуы медицина қызметкерлерінің қорғаныс екенін көрсетті. Дәл осы жайттар бұрыннан айтылып келе жатқан заңнамалық өзгерістерді тезірек жүзеге асыруға негіз болды.

Денсаулық сақтау министрлігі Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексіне медицина қызметкерлеріне қатысты шабуылдар үшін арнайы бап енгізуді бытыр ұсынған. Быылғы шілдеде Президенттің өзі медицина қызметкерлеріне шабуыл жасағаны үшін жазаны қатаңдатуы тапсырды. Министрлікте мәлімдегендей, Қылмыстық кодекске жаңа 158-1 бабы енгізілуі мүмкін. Бұл бап бойынша қауіп-қатер төндіретін қокан-лоққы үшін 2 жылға дейін шартты бостандығын шектеу, физикалық зорлық үшін – 2-7 жыл аралығы, төтенше жағдай кезінде – 10 жылға, алдын ала келісіп,

топ болып жасалған жағдайда 15 жылға дейін бас бостандығын шектеу ұсынылған. Ал, қазір қолданыстағы Қылмыстық кодекстің 107-бабы – «Денсаулыққа қасақана орташа ауырлықтағы зиян келтіру» жазасы бір мың айлық есептік көрсеткіш көлемінде айыппұл немесе 2 жылға дейін бас бостандығын шектеу, 115-бабы «Қорқытып-үркіту» (жәбірлеу, қысым жасау) бойынша 200 АЕК айыппұл немесе қоғамдық жұмыстар қарастырылған. Одан бөлек, 293-бап – «Бұзақылық» (дәрігерге қол көтеру қоғамдық орында жасалса) бойынша 2-5 жылға дейін бас бостандығын шектеу бар. Облыстық полиция департаментінің баспасөз қызметінде мәлімдегендей, аймақта орын алған екі оқиға бойынша қылмыстық іс қозғалып, тергеу амалдары жүріп жатыр.

«Адам өмірін арашалап жүрген жанға қол көтеру үшін адам қаншалықты деңгейде қатыгез және мейірімсіз болуы керек? Бейбіт уақытта дәрігерлердің өз жұмыс орнында өміріне қауіп төнуі – ақылға қонбайтын, мүлде жол беруге болмайтын жағдай.

Бұл – тек бір дәрігерге жасалған шабуыл емес. Бұл – ондаған пациенттің қараусыз қалуы, ондаған операцияның кейінге

шегерілуі. Бұл – бүкіл денсаулық сақтау жүйесіне төнген тікелей соққы. Шабуыл жасалған қабылдау бөлімдері – онсыз да қауіп жоғары аймақтар», – делі министр Ақмарал Әлнарарова. Ол мұндай әрекеттерді тұрмыстық қақтығыс ретінде емес, қоғамдық қауіпсіздікке төнген қауіп ретінде бағалау қажеттігін де жеткізді.

«Медицина қызметкерлеріне қарсы зорлық-зомбылықтың жиілеп кетуіне байланысты ішкі істер министрімен бірлесіп, шұғыл түрде ургенттік стационарлардың, балалар және перинаталдық орталықтардың қабылдау бөлімдерінде тәулік бойы күзет посттарын күшейту туралы шешім қабылданды». Бүгінгі таңда министрлік аумақтық полиция департаменттерімен бірлесіп, республика бойынша медициналық ұйымдарда тәулік бойы жұмыс істейтін 152 полиция посты-

ның жұмысын қамтамасыз етті. Олар қалалық, облыстық, балалар стационарларында, перинаталдық орталықтарда, аудандық орталық ауруханалар мен аудандық ауруханаларда орналастырылды. Посттарды ұйымдастыру оқиғаларға жедел жауап беруге, шиеленістердің алдын алуға және медицина қызметкерлерінің де қауіпсіздігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

– Дәрігерлер мен медбикелер жұмыс орнында агрессияға жиі ұшырайды, – дейді «SENIM» Денсаулық сақтау жүйесі қызметкерлерінің салалық кәсіптік одағы» республикалық қоғамдық бірлестігінің Қарағанды облыстық филиалы төрағасының орынбасары Элеонора Омарова. – Бұл қорқыту мен соққыға жығылуға дейін барады. Бұл олардың денсаулығына, мотивациясына және жұмыс істеуге деген ықыласына

кері әсер етеді. Біз келесідей мәселелерді қолға алу қажет деп санаймыз: медицина қызметкеріне қызмет бабында шабуыл жасауды билік өкіліне жасалған шабуылмен теңестіру, ауруханаларды күзетпен және дабыл батырмасымен қамтамасыз ету, персоналды дағдарыс жағдайында әрекет етуге үйрету, медицина қызметкерлерін құқықтық және психологиялық қолдаумен қамтамасыз ету. Мұндай қолдауды біздің кәсіподақ ұйымымыз көрсетіп келеді. Мәселен, бытыр жедел жәрдем жүргізушісіне шабуыл жасалуына байланысты біздің облыстық филиал жәбірленушіге заңгерлік қолдау көрсетіп, адвокат қызметінің ақысын төледі. Ұйым мұндай қызметтерді көрсетуге әзір.

Әдетте қол жұмсау фактілері жедел жәрдем қызметкерлеріне жасалады. Облыстық жедел медициналық көмек станциясының



ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫН ОРЫНДАЙ ОТЫРЫП...

директоры Жанат Елубаев мұндай әрекеттер үшін жазаны қатаңдату дұрыс шешім деп санайды.

– Мемлекет басшысының дәрігерлерге, соның ішінде, жедел жәрдем қызметкерлеріне күш қолдану фактілеріне байланысты жауапкершілікті қатаңдату жөніндегі тапсырмасын жедел жәрдем қызметі толық қолдайды. Бұл бастама – медицина қызметкерлерінің ар-намысы мен өміріне қол сұғылмауын қамтамасыз етуге бағытталған өзекті әрі қажетті шара. Соңғы жылдары жедел жәрдем бригадалары азаматтарға шұғыл көмек көрсету кезінде түрлі қауіп-қатерге жиі ұшырап жатыр. Әсіресе, оқиға орнында агрессивті мінез-құлық танытатын азаматтар тарапынан келетін қысым мен күш қолдану жағдайлары алаңдаушылық тудырып отыр. Мұндай әрекеттер тек қызметкерлердің қауіпсіздігіне ғана емес, шұғыл медициналық көмектің сапасына да кері әсерін тигізуі мүмкін. Осыған байланысты медицина қызметкерлеріне деген құрмет пен олардың қызметін қорғау деңгейін арттыру – бүкіл қоғамның ортақ міндеті. Қабылданатын заңнамалық шаралар еліміздегі денсаулық сақтау жүйесінің тұрақты әрі тиімді жұмыс істеуіне септігін тигізетініне сенім білдіремін, – дейді Жанат Елубаев.

Суретті түсірген Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

• МӘСЕЛЕ

Темірғали Көкетайдың үйі

Бізден басқа ел қатарынан озып туған ұлдарын басына көтереді. Құдайы көршіміз орыстарға қараңыз. Жарық дүниеден көшкен озық ойлы ұлдарын о дүниеге қол шапалақтап шығарып салады! Онысы «Сен орыс халқының ары мен ұяты, ождан болып едің! Сенің біздің топырақтан туғаның – Тәңірінің таңдауы! Құдай бізге сендей ұл берді! Тәңіріңе тәубе!» – дегені.

Біз көштен қалған ел екенбіз. Алашынның азаттығына бола, өмірін құрбан етіп, еліне жетпіс жылдан кейін әзер оралған Әлихан Бөкейхан, Әлімхан Ермековтердің қадіріне әлі жеткен жоқпыз. Олардың қасиетін түсініп, қадіріне жетем дегенше, зу етіп, 30 жыл өтіп кетті... Әлі де сол уақыт зырылдап өте беретін секілді мына бетте.


Қазақтың ХХІ ғасырдағы ұлы физигі, «Ғасыр а

дамы» Темірғали Көкетайдың фәниден бақиға кеткеніне кешелі, бүгін бір жылдың жүзі болды. Күні кеше ғана Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университетіне «мұнда Темірғали Көкетаев қызмет еткен» деген тақта қойылды. Осымен бітті... Ебіней қуғынға түскенде, ұлы ғұламаның қасында қалған университеттегі жалғыз ғалым осы кісі еді!

Орыстар Пушкиннің сүрініп кеткен жеріне де ескерткіш орнатады! Бізде Алаштың айтулы ақыны Тұманбай Молдағалиевтің ескерткіші жоқ әлі. Біздің буын пір тұтқан, әлі де қаншама өрен пір тұта беретін, қайран, Тұмағал...

Осындайда Ресейдегі Лев Толстойдың Ясная Полянадағы мұражай-усадьбасы еске түседі. Ол осы жерде туып, «Соғыс және бейбітшілік» дәуірнамасы мен «Анна Каренина» романдарын жазған. Мұражай Ресей Федерациясы үкіметінің шешімімен Мәдениет министрлігінің қарамағына берілген. Аумағы 400 гектар жерді алып жатыр.

Еуропада Кафканың үйі тұр. «Чехтар



Франц Кафканың тұрған үйін жазушының мұражайына айналдырыпты», – деп жазып еді бір кезде қазақтың сыншыл ойының алдыңғы легіндегі Амангелді Кеңшілік. «Кафканың үйін ХVІІІ ғасырда Страхов деген монахтар салған екен. Кейін ол үй қиратылып, ондаған жылдардан соң қайта қалпына келтіріліпті. Қазір бұл ғимаратта ұлы жазушының мемориалдық тақтасы ілініп тұр. Мұражай үлкен емес, шағын ғана. Мұражайдың алдында орта жасқа келіп қалған толық әйел Кафканың суреті салынған киім-кешек пен төсбелгілерді сатып, сауда жасап жүр. Жазушы тұрған үйдің босағасынан аттаған кезімде қатты тебіреніп, жүрегім атша тулап қоя берді. Қысымен де, әлемдегі ең атакты жазушылардың бірі – Франц Кафканың шаңырағына келіп, шынымен де оның ұстаған дүние-мүліктерін өз көзіммен

көріп тұрмын ба деген ой сезімді дірілдетіп, мұражайдағы жәдігерлерге сенімсіздікпен қараймын...».

Бізде Қараойда Махамбет моласы, Жидебайда Абай мұражайы, Қарасазда Мұқағали, Ақтауда Әбіш Кекілбайдың орталығы тұр. Қарқаралыда Қасымды еске салатын түк те жоқ?! Қарағандыдан Қасым үйін көтеріп едік, оның сырты – Қасым да, іші – бірдене...

Қазақтан пайғамбар тумады демесең, ақ маңдайы жарқыраған алыптың бәрі туған! Олардың бәрі елім деп туған ерен ер еді! Елінің еріне деген ілтифат-құрметі көңіл көншітпей жатыр ғой, бірақ...

Өтер уақыт өтті. Енді өрелі елдерге, жан-жағымызға қарап, есімізді жиюымыз керек! Күндердің бір күні тағы бір есерсоқ ел тізгінін қолына ұстап, «Темірғали Көкетай деген кім? Оның Қарағандыға

қатысы қанша?» демесі үшін Қарағандыдағы ғұмырының соңғы жылында Темірғали Көкетай тұрған үйді ұлы физиктің мұражайына айналдыруымыз керек! Темаға-Темірғали Көкетайдың Альберт Эйнштейн мен Андрей Сахаровтан несі кем?! Бәрі дайын тұр. Тек облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы ескерткіштер қорғау қоғамының қарамағына алып, осы мұражайға бір-екі штат бөлсе, жетіп жатыр.

Темаға дүниеден қайтатын күннен бір күн бұрын екеуіміз Астанада бірге болып, емен-жарқын сырласып едік. Ол физик болғанына өкініп өтті. Қарағандыдағы мемлекеттік тілдің мүшкіл халіне назаланып, қазақ тілі қоғамын құрып, біраз жұмыс істеді. Ақиқатты аһ ұрып іздеп, бармаған жері, баспаған тауы жоқ. Оппозициялық «Ақжол» партиясына барды, одан таба алмай, шақша басы шарадай болған. «Қазаққа физиктің түкке де керекі жоқ екен, ақын керек, сен керек екенсің! Менен сен биікте тұрсың!» деді! Мен мактау-мадақтаудан кенде пенде емес едім. Бірақ, ұлы физиктің осы сөзін естігенде, арқам шымырлап кетті.

– Менің көрмегенім жоқ қой! – деді. – Өзің білесің, бір ұлым бір жендеттердің қолынан жазықсыз жазым боп кетті. Бір ұлым Америкада. Әнуар деген немерем бар еді, енді соны қазақша тәрбиелеп, қазақ қызына үйлендіріп, қолыма алсам, арманым болмас еді. Мен Алланың сүйген бір құлы екем, – деді бір кезде ұзақ уақыт үнсіз қалып. – Бәйбішем қайтыс болып, жер ортасына келгенде жалғыз қалып едім, Алла маңдайыма Майраны жазып қойған екен. Сол менің қайғы-шерімді ұмыттырып, қолымды жылы суга малып отыр. Тәңірге тәубе!

Сол аяулы жеңгемізді Темірғали Көкетай мұражайының иесі ғып қойса, бар шаруа өз орнына келер еді!

Мемлекеттің тірегі не?

Қазіргі қоғамдағы тұрақтылық пен әлеуметтік әділеттің кепілі – заң үстемдігі. Әр азаматтың өз міндетін орындауы – ел болашағына қосылған үлес. Әсіресе, баланың алдындағы ата-аналық борышын өтеу – жеке жауапкершілік қана емес, мемлекет алдындағы маңызды міндет. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев өз Жолдауларында баланың құқығын қорғау, әлеуметтік әлсіз топтарды қолдау, заңды орындауды күшейту жөнінде нақты тапсырмалар беріп келеді. Осы бағытта Қарағанды облысының прокуратурасы пәрменді жұмыстар жүргізіп, алимент бойынша қордаланған мәселелерді шешуде нақты нәтижелерге қол жеткізуде.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қоғам алдындағы жауапкершілік

Ресми дерекке сүйенсек, Қарағанды облысында бүгінде 28 300 көмелетке толмаған баланың құқықтарын қорғауға бағытталған жұмыстар жүйелі жүргізілуде. Олардың күнделікті өмірі мен болашағы – тікелей ата-аналық қамқорлық пен мемлекеттің назарында. Облыста 23 мыңнан астам атқарушылық іс алимент өндіру бойынша қаралу үстінде. Статистикадағы әр істің артында зор жауапкершілік арқалаған бір тағдырдың тұрғанын ұмытпаған жөн.

– Жыл басынан бері облыс прокуратурасының үйлестіруімен 3,2 млрд теңге болған алимент қарызы 2,8 млрд теңгеге дейін азайтылды. Бұл – мыңдаған баланың киімі, тамағы, оқуына жұмсалар қажетті қаражаттың нақты қайтарымы. Заң аясында қатаң бақылаумен жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде көптеген борышкер қарыздарын өтеп, балаларына тиесілі көмекті қайтара бастады, – деп атап өтті Қарағанды облысы прокурорының аға көмекшісі Елдос Таласбаев.

Прокуратура органдары жұмысының өзегі, басты мақсаты – заңды орындату. Иә, заң – баршаға ортақ. Осы орайда, облыс аумағында алимент төлеуден жалтарған, сот шешімін елемеген борышкерлермен күрес күшейгенін атап өткен жөн. Әсіресе, қасақана төлемей жүргендерге қатысты қылмыстық іс қозғау, жауапкершілікке тарту тиімді тетікке айналған.

Нақтырақ айтсақ, биыл 23 қылмыстық іс қозғалып, оның алтауы тараптардың татуласуына байланысты тоқтатылған. Бұл да жүйелі жұмыстың бір көрінісі. Тергеу барысындағы заң талаптары борышкерлерді қарызынан құтылып, жауапкершілікті сезінуге, бала болашағына бейжай қарамауға жетелейді. Оның ішінде, 4 борышкерге қатысты айыптай үкімі шығып, заң үстемдігі көрініс тапты.

Сонымен қатар, аймақтағы жеке сот орындаушылар қызметіне де тексеру жүргізіліп, прокуратура 9 акт қабылдаған. Нәтижесінде 4 борышкер қылмыстық, 9-ы әкімшілік жауапкершілікке тартылып, 16 сот орындаушы тәртіптік жазаға ұшырапты. Мемлекеттік бақылау болмаса, кез келген салада босансу орын алатыны белгілі. Сол себепті, жүйелі тексеру мен қадағалау – нақты нәтиженің алғышарты.

– Алимент өндіру – жекелеген отбасылардың ішкі мәселесі емес, бұл – мемлекет деңгейіндегі маңызды әлеуметтік міндет. Әр баланың өсіп-өнуі, білім алуға



Қолжазба жасаған Шынар Адамбекова

және лайықты өмір сүруге құқығы бар. Бұл құқықтың қорғалуына ең алдымен, ата-аналар, содан кейін мемлекет жауапты. Облыс прокуратурасы осы бағытта жүйелі жұмыс жүргізіп келеді. Борышкерлердің жауапкершіліктен жалтаруына жол бермеу үшін заң аясында барлық тетіктер қолданылуда. Биылдың өзінде қылмыстық және әкімшілік жауапкершілікке тартылған тұлғалар санының артуы профилактикалық шаралардың пәрменділігін көрсетіп отыр. Одан бөлек, біз жазалау шараларымен ғана шектелмейміз. Жергілікті атқарушы органдармен бірлесе отырып, жұмысқа орналастыру, құқықтық түсіндіру, ақпараттық жұмыс жүргізу – жұмысымыздың басты бағыттарының бірі, – дейді Елдос Таласбаев.

Әлеуметтік қолдау мен ескерту

Алимент қарызы – кешенді әлеуметтік проблема. Қарағанды облысы прокуратурасы бұл бағытта жергілікті атқарушы органдармен тығыз байланыста.

Нақтырақ айтсақ, жыл басынан бері алимент төлемей жүргендер мен проба-

цияда тұрған азаматтарға арналған бос жұмыс орындары жәрмеңкелері ұйымдастырылған. Бұл – борышкерді еңбекке тартудың, өз міндетін өтеудің бір жолы. Сонымен қатар, аймақта ақпараттық рейдтер өткізіліп, алимент төлеудің салдары туралы ескертетін 3 билборд орнатылды.

Атқарылып жатқан бұл жұмыстар тек жазалауды мақсат тұтпайды. Алдын алуға бағытталғанын да айрықша атап өту керек. Бүгінде алимент өндіруге мемлекет қатандықпен қатар, қолдау, түсіндіру жұмыстарын да негізге алған.

Осы мақаланы жазу барысында алимент өндіріп алып отырған аналардың бір-екеуін аз-кем әңгімеге тартқан едік. Есімін атамауды өтінген қала тұрғыны, екі баланың анасы өз ой-пікірімен, білгенімен бөлісті.

– Күйеуіммен заңды түрде әлі ажыраспағанымызбен, бірнеше жылдан бері бірге тұрмаймыз. Басында күйеуімнің тұрақты табысы болғанына қарамастан, балаларына көмек көрсетпеді. Айлығын жасырып, «жұмыссызбын» деп жүрген кездері де болды. Үндемесем, балаларым-

ның жағдайының жақсармайтынын түсіндім. Кейін сотқа жүгініп, алимент өндіру туралы арыз бердім. Құжат жинап, заңгерлермен кеңесіп, уақытым мен күшімді сарп еттім. Бірақ, соның бәрі әділдікке жету үшін қажет болды. Қазір әр ай сайын заңмен белгіленген тәртіп бойынша күйеуімнің айлық табысынан тиісті пайыз есепшотқа түсіп отырады. Бұл өмірде қорғансыз қалмаудың жолы – заңды, құқығыңды білу, – деді ол.

Түйін

Президенттің «Әділетті Қазақстан» құру жолындағы тапсырмаларының өзегі – заң үстемдігін орнату. Мемлекет пен қоғам бірлесе отырып, заң мен тәртіпті жоғары қойғанда ғана әділеттілік салтанат құрады. Әр ата-ана өз міндетін адал атқарып, әр мемлекеттік орган заңды мүлтіксіз орындағанда ғана елдің болашағы берік, іргесі мықты болмақ.

Демек, мемлекет тірегі – заң мен тәртіп. Ендеше, бұл – ұран емес, өмірлік тәжірибеден туған азаматтық ұстаным!

• ҚҰҚЫҚ

Тең мүмкіндіктер алаңы

Қоғамдағы әр баланың толыққанды өмір сүруіне жағдай жасау – өркениетті елдің ұстанымының бірі. Осы бағытта қолға алынған келелі іс Шахтинск қаласында жүзеге асты. Жуырда қаланың мәдениет және демалыс саябағында ерекше қажеттіліктері бар балалар үшін арнайы жабықталған ойын және спорт алаңы пайдалануға берілді. Бұл – денсаулығында белгілі бір шектеуі бар жеткіншектерге арналған, аймақтағы алғашқы кешендердің бірі.

Жаңа алаң заманауи талаптарға сай әзірленіп, балдырғандардың қауіпсіз әрі еркін ойнауына мүмкіндік беретін кеңістікке айналды. Мұнда орнатылған әр құрылғы – арнайы бейімдеуден өткен. Яғни, қозғалыс қабілеті шектеулі немесе денсаулығында өзге де ерекшелігі бар балалардың қажеттіліктері ескеріліп жасалған.

Жаңа алаңда бірнеше функционалды аймақ бар. Атап айтсақ, дене бұлшық еттерін дамытатын жаттығу тренажерлері, қозғалысты үйлестіруді жақсартуға арналған әткенішектер мен айналмалы құрылғылар және әлеуметтік бейімделуге бағытталған ойын элементтері орналасқан.

Бұл нысандағы құрылғылар тек физикалық жаттығу үшін ғана емес, балалардың психологиялық-эмоциялық дамуына да ықпал ететінін атап өткен жөн. Әсіресе, «Қамқорлық» деп аталатын сырғанақ кешені иық белдеуінің бұлшық еттерін дамытуға сеп болады. Сонымен қатар, «Жоғарғы вертикальды тарту» жаттығу құрылғысы арқылы балдырғандар дене күшін жетілдіре алады.

– Бұған дейін ұлыммен саябаққа барсақ, ол өздігінен ойнай алмай, шеттеп қалатын. Енді арнайы құрылғылардың арқасында таза ауада жаттығу жасап, ойнап, көңіл күйі көтеріліп жүр. Осындай жағдай жасап бергендерге алғысымыз шексіз, – дейді Шахтинск тұрғыны Оксана Вагапова.

Мұндай алаңдар – баланы қоғамнан бөлмей, керісінше, ортаға бейімдеп, өз қатарларымен еркін араласуына мүмкіндік беретін орта. Шахтинск қаласы әкімдігі бұл нысанды балалар мен ата-аналар үшін барынша қолайлы етіп жасақтауға тырысқан. Алдағы уақытта алаң аумағы кеңейіп, қосымша ойын және дамыту элементтерімен толықтырылмақ. Бұл, өз кезегінде, инклюзивті ортаны дамытуға серпін бермек.

Қалалық әкімдіктің мәліметінше, бұл бастама – өңірдегі қолжетімді орта қалыптастыру бағдарламасының бір бөлігі. Яғни, ерекше қажеттіліктері бар азаматтардың әлеуметтік бейімделуіне бағытталған жобалар легі мұнымен тоқтамайды. Мақсат – әр тұрғынға бірдей мүмкіндік беру.

Өз тілшімізден

Аманатқа адалдық

«Манызды міндеттің бірі – ауыл халқының табысын арттыру. «Ауыл аманаты» бағдарламасы арқылы жылдық өсімі 2,5 пайыз болатын шағын несие беріле бастады. Соның нәтижесінде ауылда 16 мыңға жуық жаңа жұмыс орны ашылды. Осындай ауқымды жұмыс жалғасын табады. Себебі ауылды көркейту – стратегиялық міндет». Бұл – Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың ауыл шаруашылығы еңбеккерлерінің бірінші форумында сөйлеген сөзі. Мемлекет үшін қазба байлықтар, түрлі сауда-саттық, ішкі және сыртқы саясат аса маңызды рөл атқаратыны белгілі. Бірақ, халыққа табиғи әрі қауіпсіз азық керек. Осы тұста ауылдың атқарар рөлі орасан. Облыстық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасы мамандарының дерегіне сүйенсек, аймағымызда «Ауыл аманаты» бағдарламасы сәтті жүзеге асып жатыр.

Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

«Ауыл аманаты» бағдарламасы былтыр қарқынды жүзеге асыпты. Дән сіңірсе, масақ басын жерге иетін, жайса, түлігі қонданатын аймағымыз – ауыл шаруашылығын дамытуға ең қолайлы аймақтардың қатарында. Мәселен, былтыр бағдарламаға 2,5 млрд теңге бөлінді. Ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасының бөлім басшысы Қуандық Ахметов бөлінген қаражат толығымен игерілгенін айтты.

– Басқарма тарапынан «жұмыс істеймін, табыс табамын» деген әр ауыл тұрғынына қолдау көрсетілді. Былтыр 249 шағын несие берілді. Соған 52 жоба қаржыландырылды. Нақты айтсақ, 1,2 млрд теңге ауыл шаруашылығы кооперативтеріне берілді. Сонымен қатар, жеке қосалқы шаруашылықтарға қолдау көрсетілді. Бұл – 1,3 млрд теңгені құрайтын 197 жоба. Нәтижесінде ауылдық жерлерде 314 жұмыс орны құрылды. Бүгінгі таңда қаржыландырылған жобалар оң нәтижесін көрсетіп жатыр. Бұл бағыттағы

жұмыстар әрі қарай да жалғасын таба бермек, – деді Қуандық Ахметов.

Шағын несиелер бірнеше бағытта берілген. Мысалы, мал шаруашылығындағы 150 жобаға 1,25 млрд теңге берілді. Ал, өсімдік шаруашылығына 54 млн теңге үлестірілген. Мұнда

«Жұмыс істеймін, табыс табамын» деген әр ауыл тұрғынына қолдау көрсетіледі. Былтыр 249 шағын несие берілді. Соған 52 жоба қаржыландырылды. Нақты айтсақ, 1,2 млрд теңге ауыл шаруашылығы кооперативтеріне берілді. Сонымен қатар, жеке қосалқы шаруашылықтарға қолдау көрсетілді. Бұл – 1,3 млрд теңгені құрайтын 197 жоба. Нәтижесінде ауылдық жерлерде 314 жұмыс орны құрылды.

ауқымды 4 жоба жүзеге асқан. Ауыл шаруашылығы саласында арнайы техникалардың атқарар рөлі зор. Техника мен тіркемелі жабдықтарды сатып алуға 767 млн теңге берілген. Қаражат 45 жобаға жұмсалған. Ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеуде басқармаға 7 жоба ұсынылыпты. Жобаларға 123 млн теңге бөлінген. Сонымен қатар, ауыл шаруашылығына қатысы жоқ кәсіптер де бар. Бұл салаға ауылдағы дүкендер мен дөңгелек жөн-



Қолжазба жасаған Шынар Ахметбаева

ашылығындағы 26 жобаға, ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу және ауыл шаруашылығына жатпайтын кәсіптегі 122 жобаға қаражат беріледі.

Қуандық Ахметовтің айтуынша, қаражатты бөлу барысында әр ауылдың ерекшелігі ескеріледі.

– Бюджеттік қаражатты игеру және аталған бағдарлама бойынша жоспарды орындау мақсатында әрбір ауылдың ерекшелігін ескере отырып, өңір бойынша әр ауданның көрсеткіштері бекітілді. Қаржыландыру жоспарына сәйкес облысқа бюджет қаражатының түсуі осы жылдың тамыз айында күтілуде, – деді Қуандық Ахметов.

«Ауыл аманаты» бағдарламасының шарапатын көргендердің бірі – Надежда Елікбаева. Ол былтыр өз кәсібінің жобасын ұсынып,

бағдарлама аясында 2,5 пайызбен 4 млн теңге несие алған. Қаражатқа жылыжай салған. Жылыжайда бұл күнде қияр өсіріп, табиғи өніммен аудан халқын қамтамасыз етіп отыр.

– Жылыжайды кәсіби мамандары бар компания салып берді. Сапасына көңілім толады. Мәселен, былтыр екі рет өнім алдым. Қияр екі жарым, ал, қызанақ екі тоннаға дейін жетті. Жылуды жақсы сақтайды. Аумағы 200 шаршы метрді құрайды. Жылыжайда қара күзде қызанақ, ал, көктемде қияр өсіруге болады. Жылыжайдың төңірегінде ауылдар бар. Міне, өнімдерімді сол ауылдың тұрғындарына сатамын. Тұрақты сатып алушыларым да көп. Жалпы, жылыжай кәсібімен айналысып жүргеніме 10 жылға жуықтады. Сол себепті де, өнімді саудалау-

• ҚЫСҚА ӘЗІРЛІК

Қыс сынына қамданыс

Енді екі-үш айдан кейін Арқа атырабына да қылышын сүйретіп қыс келеді. Сол қатал сынның қарсаңында «Абайлық жылу жүйелері» ЖШС ұжымы Абай ауданында алдағы жылыту маусымының сапалы және кідіріссіз өтуі үшін өзі қызмет көрсететін Абай қаласы, Южный, Топар кенттерінің жылу жүйелерін, жабдықтарын даярлау мен жөндеудің жоспарланған жұмыстарын жүйелі жүргізіп жатыр.

Ержан ИМАШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

– Біз осының алдындағы жылыту маусымы аяқталысымен Абай қаласында магистральдық және орамшылдық жылу тораптарының механикалық беріктігі мен гидравликалық тығыздығына сынақ жасаған болатынбыз, – дейді «Абайлық жылу жүйелері» ЖШС директорының міндетін атқарушы Валентина Әбдіхалықова. – Соның нәтижесінде магистральдық тораптарда 20, ал, орамшылдық тораптарда 13 ақау, сондай-ақ, олардың дефектоскопиясы анықталды.

Міне, осыдан кейін кәсіпорын өз күшімен биылға 1 246 кума метр орамшылдық тораптарды ауыстыруды белгілеп, барлық жылу тораптарында диаметрі 57 миллиметрден 530 миллиметрге дейінгі ақаулар жойылған.

Электртехникалық қызмет көрсету мамандары электр аспаптарын мен дәнекерлеу аппараттарын, өнеркәсіп базасының жабдықтарын, 1 және 2-ші жылу-сорғы станцияларына қамқаршылардың еңдендерін, Абай станциясындағы бетон конструкцияларын, жылу жабдықтарын жөндеп, тексерген екен.

Абай ГРЭС-інің магистральдық жылу тораптары бойынша 174 дана салынып компенсаторлары ревизияланып, тығыздалып, өткізілген сынақтар барысында ақаудан арылтып, сол сияқты сорғы станцияларының сорғылау жабдықтары ревизияланған.

Биыл қаладағы станцияға жаңа сорғы орнатылып, ол қазіргі жылумен жабдықтау жүйесін



айтарлықтай жақсартпақ. Мұның өзі жылу берудің тиімділігін арттырып, энергия шығындарын азайтып, тұтынушыларды жылумен тұрақты түрде қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Жаңа жабдық ұзақ мерзім қызмет етіп, оның сапасын оңалтады деген үміт бар.

Сондай-ақ, инвестициялық бағдарлама бойынша қаланың сорғы станциясынан Мерей компенсаторына дейінгі аралықтың (диаметрі – 530-320 мм) бөлігі жөнделген.

Қазірде бюджет қаржысы есебінен жекеменшік секторының тармақтарында жылу энергиясын есептеудің 117 автономдық аспабы орнатылыпты.

Валентина Әбдіхалықованың айтуынша, кәсіпорын жұмысшыларының күш-жігерімен Южный кентіндегі қазандық цехын, «Абайлық жылу жүйелері»

ЖШС жылу тораптарын 2025-2026 жылдың қысқы жылыту маусымына даярлау (консервациялау) іс-шаралары әзірленген. Сол сияқты биылғы жылдың 14 мамырынан бастап, Топар кентінде сыртқы жылу тораптарының ескірген ораулары минералдық мақта мен мырышталған қаптапаларды пайдалана отырып, жаңасына ауыстырылуда. Жалпы мұнда 7 595 кума метр жылу орауларын ауыстыру көзделген көрінеді. Демонтаждау жұмыстары кезінде құбыр өткізгіштердің ақаулы бөліктері белгілі болып, оларды шұғыл түрде жөндеу қолға алынып, жылу тораптарын қыстың қатал сынына қапысыз қамдау әрекеті толассыз жалғасуда.

Абай ауданы

Сурет автордан

Жастықтың отын еңбек жандырады



ЖҰМЫСШЫ
МАМАНДЫҚТАРЫНЫҢ
ЖЫЛЫ


Қарағандыда жабдық кеністіктердегі ауа сапасы – тек өндіріс орындары үшін ғана емес, пәтер, мейрамхана, балабақша, кеңсе үшін де күн тәртібіндегі мәселе. Осы қажеттілікті дер кезінде байқап, оны жүйелі қызметке айналдырған екі жас кәсіпкер – Мұқан Абдолла мен Әлішер Төлеген. Олар 2023 жылдан бері «Dysentery_krg» брендімен ауа алмасу және озондау (зиянсыздандыру) бағытында тұрақты жұмыс істеп, республика көлемінде тапсырыс қабылдайды. Екеуі де істі есеппен, ашық коммуникациямен жүргізуді басты қағида еткен.

Жамал СОВЕТҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

2020 жылғы пандемия кезеңінде бұқара жабдық кеністіктегі ауаның қаншалықты маңызды екенін айқын сезінді. Сол тұста Шет ауданының Өспен ауылында өскен, зангерлікті де, техника саласын да меңгерген Мұқан мен Нұранның Көкмөлдір ауылынан шыққан, өндірістегі инженерлік есеп пен тәртіпке машықтанған Әлішер алғашқы қадамдарын жасады. Ал үйдегі ауаны сорғыштар мен шағын озонаторлар құрастырып, бір тапсырыстан екіншісіне ұластып, жұмыстары біртіндеп өлшеу – жоба – монтаж – іске қосу тізбегіне түсті. Уақыт өте студенттік шақтағы таныстықтары сенімді серіктестікке айналған.

Ауаны желдету – кеністіктегі лас ауаны шығарып, таза ауаны тұрақты енгізетін ұзақмерзімді шешім. Жүйе дұрыс есептелсе, иіс кетіп, ылғал мен конденсат азаяды, көмірқышқылы газы деңгейі қалыпқа келеді.

Озондау – иіс пен бактерия жиналған кеністікті тез арада зарарсыздандыратын процедура. Әсіресе жертөле, цех, қойма, ескі иіс сіңген пәтерлер үшін тиімді. Озондау жайлы қоғамда сұрақ көп болғандықтан, олар әр клиентке түсіндіру жұмыстарын жүргізеді: өңдеу алдында үй жануарлары мен өсімдіктер уақытша шығарылады, нысан көлеміне қарай концентрация мен экспозиция есептеледі, процестен соң міндетті желдету жасалады.



Жеке үй иесі Гүлнұр Асқарқызы болса, өз әсерін былай жеткізді: «Бұрын үйде тамақ пісіргеннен кейін иіс ұзақ кетпейтін. Енді бір сағат өтпей жатып, үй іші жаңбырдан кейінгі даладай таза». Кәсіп иелерінің айтуынша, озондау технологиясы ғимараттағы микробиологиялық фонды айтарлықтай төмендетеді, өйткені озон – табиғи антисептик, оның молекулалары ауада бактериялар мен вирустарды жояды. Бұл әдіс көптеген елдерде ауруханаларда, қоғамдық орындарда және тамақ өнеркәсібінде қолданылады.

Негізгі жұмыс алаңы – Қарағанды облысы, бірақ, нақты келісім болса, республика бойынша да қызмет көрсетеді. Ірі нысандарда бригада саны ұлғаяды, алайда, сапаны екеуі өздері бақылайды. Жабдықты Қытай мен Ресейден алады, себебі Қытай нарығында баға да, қосалқы бөлшектер де қолжетімді. Бүгінде пәтерлерде герметік терезелер мен есіктер, созылмалы төбелер жылуды сақтағанымен, ауа алмасуды шектейді. Мұндай жағдайда олар адам санына қарай есептелген кіріс клапандарын орнатуды ұсынады. Қазақстандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық қауымдастығы деректеріне сүйенсек, елімізде жаңа салынған көпқабатты үйлердің 80%-ында табиғи желдету жеткіліксіз, бұл ішкі ауа сапасына теріс әсер етеді. Бүгінде олардың еңбегі бір реттік орнату не озондау шарасымен шектелмейді. Әр клиентпен орнаған байланыс – ұзақ жылдарға жалғасатын сенім мен жауапкершіліктің алтын көпірі. Бір үйдің төріне таза

ауа дарытса, бір кеңсенің ішін микробтан арылтып, тынысы кең, жайлы кеністік сыйлайды.

«Кейде жұмыстан соң алғысын айттып, дастархан жайғандар да болды», – деп жымия еске алады жас кәсіпкерлер. Мұндай сөздер – бұл кәсіптің тек техникалық емес, ең алдымен адамдық, жүректен шыққан қырын айқын көрсететін шақтар.

Бәсекеде басты қару – сапа. Салада бәсекеестік артып келеді. Көптеген мамандар – өзге ұлт өкілдері. Бірақ, Мұқан мен Әлішер сапаға, уәдеге, беріктікке және сервисістік қарым-қатынасқа арқа сүйейді. Бәрін өз қаражатына дамытып келеді. Алғашқы тәжірибелерін таныстардың шағын тапсырыстарынан бастаған. Алдағы жоспарлары да айқын компания атауын қазақшалау, әрі қарай кеңейіп, осы кәсіпті үлкен деңгейде дөңгелету. Ең бастысы – әр нысанда өлшенетін нәтиже көрсетіп, клиентпен ұзақ жылдар бойы сақталатын сенімді қарым-қатынас қалыптастыру.

Бұл – екі жас жігіттің адал еңбегімен өрілген, әр тынысты бағалауға шақыратын кәсіп. Олар орнатқан желдеткіш не озонатор – тек темір мен сымынқ жиынтығы емес, әр үйге, әр кенесіге жаңа тыныс, таза өмір әкелетін үміттің желі. Мұқан мен Әлішер үшін ең қымбат сый – жұмыстан соңғы рақмет пен қанағат, өйткені олардың ісі – технологиядан бұрын жүректің жылуымен өлшенетін мамандық.

СУРЕТТЕ: жас кәсіпкерлер Әлішер Төлеген және Мұқан Абдолла

Товарищество с ограниченной ответственностью «СК-2006» извещает участников товарищества о созыве внеочередного общего собрания участников по следующим вопросам повестки дня: 1. Избрание исполнительного органа. Общее собрание участников назначено к открытию на 22 сентября 2025 года в 11.00 часов по адресу: г.Караганда, ул.Московская, д.4. Предложения по повестке общего собрания принимаются по адресу: г.Караганда, ул.Московская, д.4, в срок до 12 сентября 2025 года.	№159
---	------

Әділет айнасы

Қарағандыда ұлы ойшыл, хакім Абай Құнанбайұлының рухани мұрасына арналған тағылымды кеш өтті. Қазақтың маңдайына біткен біртуар перзентінің 180 жылдық мерейтойы аясында ұйымдастырылған бұл рухани кеш ұлттық ой-сана мен адамгершілік қағидаттардың жарқын көрінісі.



Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Кешті Қазақстан Республикасы Сот әкімшілігінің Қарағанды облысы бойынша департаменті мен «Қазақстан Республикасы Судьялар одағы» қоғамдық бірлестігінің өңірлік филиалы бірлесе ұйымдастырды. Судьялар, сот мамандары, мәдениет пен білім өкілдері Абай шығармашылығының қазіргі қоғаммен үндестігіне баса назар аударды.

Кеште Абайдың философиялық, моральдық, әділеттік ойларын арқау еткен театрландырылған қойылым көптің көңілінен шықты. Ойшылдың қара сөздеріндегі терең толғамдар сахна тілімен сөйлеп, көрерменге жаңа қырынан ашылды. Абай бейнесін шебер сомдаған сот

әкімшілігінің құжат айналымы бөлімінің бас маманы Бейбіт Ерболатұлы акын мінезін, парасат-пайымын көркем жеткізіп, көрермен ықыласына бөленді.

Ал, ішкі қауіпсіздік бөлімінің маманы Сағын Қуатбаев Абайдың он төртінші қара сөзін тебірене оқып, жүрек пен ақыл, қайрат үйлесімінің маңызын сыр ғып жеткізді. Оның үніндегі діріл мен мәнер де сөз қадірін ұққан жұртты бейжай қалдырмады.

Құжат айналымы бөлімінің тағы бір өкілі Серік Игембаев жиырма екінші қара сөзді оқи отырып, елді ойға шомдырды. Сабырлы үні, мағыналы тоқтамы арқылы Абайдың терең философиясы тыңдаушыға жүрегінен орын тапты.

Бұдан бөлек, соттардың инфрақұрылымын дамыту бөлімінің маманы Мадияр



Жүзенов Абайдың жиырма тоғызыншы қара сөзін оқып, көрермен көңіліне әділдік пен шындықтың зілдей жүгін салды. Оның салмақты үні мен байыпты мәнері қара сөздің қайнарын аша түскендей.

Осы бөлімнің тағы бір қызметкері Тұрсын Айдос Абайдың «Әсемпаз болма әрнеге» өлеңін ерекше әсермен оқыды. Ал, Назира Кашкеева, Райхан Төлеутеева және Абай атындағы мектеп-гимназия оқушысы Сұлтан Санжар акын өлеңдерін мәнерлеп оқып берді.

Кеш соңында Абай әндері шыркылып, рухани әсердің шымылдығы сазбен түйілді. Қатысушыларға Алғыс хат табысталып, кеш бірлік пен рухани байланыс аясында қорытындыланды.

«Абайдың он төртінші қара сөзінде айтылған жүрек – мейірім мен әділеттің, адамгершіліктің өзегі. Біз осыны ұмытпауымыз керек. Бүгінгі рухани кеш – сол ойдың айқын дәлелі», – деп атап өтті Қазақстан Республикасы Сот әкімшілігінің Қарағанды облысы бойынша департаментінің басшысы Мирлан Қызылов.

Абай сөзін сөйлетіп, хакім рухын ұлықтаған сот қызметкерлерінің бұл қадамын мәдениет пен құқықтың тоғысқан тұсы, рух пен заңның үндестігі деген жөн.

СУРЕТТЕ: кешке қатысушылар мен қонақтар

Сурет ұйымдастырушылардан

БОКС

Ашық аспан астындағы турнир

Орталық саябақта «САБР» бокс клубы алғаш рет ашық аспан астында турнир ұйымдастырды. Ерекше форматтағы сайысқа 160 жас боксшы қатысып, бақ сынасты. Аймақ жұртшылығы тартысты жекпе-жектің куәгері болды.

Мағжан ҚУДАЙБЕРГЕН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Турнирге 2008-2012 жыл аралығындағы жас боксшылар қатысты. ІВА ережесі қолданылған бұл сайыста спортшылар 10 ұпайлық жүйе бойынша жұлдырықтасты. Тартысты жекпе-жектер жұртшылықтың ыстық ықыласына бөленіп, көрермендердің мерейін өсірді.

Жүлдегі болған спортшыларға ақшалай сыйлықтармен қатар чемпиондық белбеу, медальдар, кубоктар табысталды. Ал, балаларын қолдап келген ата-аналар мен жанкүйерлер жас сайыпқырандарға жігер сыйлап, сайыстың көрігін қыздырды.

– Турнир ойдағыдай, сәтті өтті. Жеңіске жеткендер – тоқтап қалмай, әрі қарай



рай шыңдала берсін. Жеңілгендердің де жігері еш мұқалмасын, алда әлі талай бәсеке мен жеңіс күтіп тұр. Ең бастысы – жеткіншектер тәжірибе жинап, достықтың нығайтсын. Спортпен шынығып, бос уақыттарын шуақты қылып өткізсе екен, – деді турнир ұйымдастырушысы Сұнғат Талғатұлы.

Жасөспірімдердің спортқа қызығушылығы артып, тәжірибе жинауына осындай турнирлер оң ықпал етеді. Ұйымдастырушылардың айтуынша, бұл бастама дәстүрге айналмақ.

Сурет ұйымдастырушылардан

ТАҒЫМ

Ерлік – мәңгі мақтаныш

Ұлы Жеңіске 80 жыл толуына орай, Ақтоғай ауданы Жидебай ауылдық округінің Сәуле ауылында «Әкелер есімі – ұрпақтар есінде» атты соғыс ардагерлеріне арналған ескерткішке Дайыр Мұхсиыңұлына мемориалдық тақта орнатылды.

Дайыр Түсіпбектегі – Екінші дүниежүзілік соғыста Отан үшін жанын қиған ержүрек жауынгерлердің бірі. Ол Балқаш қалалық әскери комиссариаты арқылы әскерге шақырылып, 109-гвардиялық атқыштар дивизиясының 309-атқыштар полкі құрамында рота старшинасы болып, жауынгерлік борышын абыроймен атқарған. Алдыңғы шепте жүріп, елін жаудан қорғауда жан аямай күрескен. 1944 жылдың 18 наурызында болған қиян-кескі шайқаста ауыр жараланып, ерлікпен қаза тапты. Дайыр әкеміздің ерлігі – мәңгілік мақтаныш. Отан үшін жанын қиып, болашақ ұрпақтың бейбіт өмір сүруіне жол ашты.

Бүгінгі ұрпақ оның осынау ерлігін

ұмытпай, оған деген құрмет пен тағзым ретінде және келешек ұрпаққа ұлағат үшін туған топырағында көктас қойды. Ескерткіште Дайыр Мұхсиыңұлының аты-жөні, соғыста көрсеткен ерлігі мен Украинада жерленген жері жазылды. Мұндай іс – кейінгі ұрпаққа ата-бабалар жолын танытып, Отанды қорғауға тәрбиелеудің жарқын үлгісі.

Ал, Дайыр Мұхсиыңұлының ағайыны Екінші дүниежүзілік соғысқа қатысып, аман-есен елге оралған Жағыпар Мұхсиыңұлы майдан даласында алдыңғы шепте барлауда болып, ерлікпен шайқасқан. Жау тылынан фашистерді тірідей



байлап әкеліп, соғыс жоспарларын біліп, жеңіске жету жолында аянбаған. Соғыста алты рет жараланып, Берлинге дейін

ҚОЛӨНЕР

«Желек созған ауылым»

Бүгінде ұлттық қолөнер жанданып келеді. Сонымен қатар, ұмыт болып бара жатқан салт-дәстүрлерді де жас буынға насихаттау қарқын алуда. Мәселен, Бұқар жырау ауданының Ошағанды шатқалында JADIGER бірлестігінің шеберлері қазақ қолөнерінің мерекесін ұйымдастырды. Ашық аспан астында этноауыл пайда болды. Байырғы қазақ ауылындағыдай киіз үйлер тігіліп, кілемдер тоқылды. Самаурынға шай қайнатылып, бауырсақ пісірілді. Этноауылда жастарға шеберлер қолөнердің ежелгі технологияларын үйретті.



Суреттер облыс әкімінің сайтынан

Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

JADIGER бірлестігінің төрайымы Перизат Құлымбетова ұлттық мәдениет осындай шаралар арқылы дамитынын және шеберлердің еңбегі еленетінін айтты.

– Қазақ киіз үйінің иісі – қазақтың әр баласына жылу сыйлайтыны анық. Бауырсақтың дәмі жастардың бойына ата мен әженің мейірімін сездіретініне сенемін. Бастысы – ұлттық қолөнер жанданады. Облысымыздың шеберлері әлемге танылсын! Этноауылда шеберлер шеберлігін көрсетіп, жастар таза ауамен тыныстайды, ұлттық құндылықтарды бойына сіңіреді, – деді Перизат Құлымбетова.

Арнайы қатысқан 72 жастағы Қамаш Төлеубасова анасынан алған білімін ұрпаққа жеткізуді мақсат тұтады.

– Бала кезімнен текемет, кілем, киіз үй жабдықтарын жасап өстік. Әжелерімізге қарап, біз де сол дәстүрді жалғастырып жатырмыз. Бүгінгі күнде осы өнерді жастарға үйрету – басты міндет, – деді Қамаш Төлеубасова.

Бастауыш сынып мұғалімі Балдырған Қабі қазақтың ұмыт болған кестелеу өнерін қайта жаңғыртып келеді.

– Бас киім, орамал, киімешек тігеміз. Бір қарағанда жеңіл көрінгенімен, тәзімділік пен сабырды қажет ететін жұмыс. Қуантатыны – қазір этноүлгіге сұраныс артып келеді. Этноүлгідегі киімдерді жастар да, үлкендер де киюге құштар, – деді шебер.

JADIGER бірлестігі халық қолөнерін жан-жақты дамытуда. Быыл Қарағандыда жүн өңдеу цехы ашылып, өңірдің танымал дизайнерлерінің қатысуымен II облыстық қолөнершілер форумы өтті. Сонымен қатар, облыс бойынша көрмелер мен шеберлік сабақтары ұйымдастырылды. Шеберлер ASPARA FASHION WEEK, Дүниежүзілік көшпенділер ойындары, мәдени форумдар мен этножобаларға қатысып, өнерлерін көрсетті. Облыстың 27 шебері «Аламан құрақ» жобасымен Гиннестің рекордтар кітабына енген.

Ұлттық өнерді насихаттауда Перизат Құлымбетованың халықаралық жоба-



ларға қатысуы да маңызды рөл атқарды. Екі жыл бұрын ол Қазақстан мен Франция президенттерінің қатысуымен өткен этноауылда өңір атынан өнер көрсетті. Ал былтыр ЮНЕСКО өкілдерінен шақырту алған.

Ұмыт болған дәстүрлі өнерді қайта тірілтіп жүрген шеберлердің қатарында қарағандылық этнодизайнер Евгения Шульц та бар. Он жылдық шығармашылық жолында оның киіз бұйымдарынан бастап сүйектен жасалған нәзік оюларына дейінгі туындылары АҚШ, Франция, Германия және басқа елдерде көрмеге қойылыпты.

– Сүйек пен жүн – тылсым қасиеті бар материалдар. Қазақтар сүйектен жасалған бұйымдарды қорғаныш күші мен ата-бабамен байланысы бар деп бағалаған. Мысалы, жануар азуынан жасалған алқа жауынгерге күш берсе, сүйекке салынған өрнек отбасыға береке әкелген, – деді Евгения Шульц.

Облыста халық қолөнерінің дамуына облыс әкімдігі, Қазақстан халқы Ассамблеясы, «Атамекен» кәсіпкерлер палатасы, мәдени және қоғамдық ұйымдар қолдау көрсетуде.

СУРЕТТЕРДЕ: 1. JADIGER бірлестігінің төрайымы Перизат Құлымбетова. 2. Қолөнер бұйымы

ORTALYQ QAZAQSTAN
Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газет

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі
МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Aqparat» ЖШС

Директор
Қайрат Жүнісұлы ӘБІЛДА

Директордың орынбасары
Оксана Вячеславовна МЯГКИХ

Директордың орынбасары
Галия Боранқұлқызы БАСТЕНОВА

Бас редактордың м. а.
Қ.А. АЙТЖАН

Бас редактор
Е.К. МҰСАБЕК

Сайт редакторы
А.Ә. СОВЕТ

Жауапты хатшы
С.Б. ПЛИЯШ

Телефондар:
Бас редактор: 43-38-53
Бас редактордың орынбасары: 43-58-08
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33
Жауапты хатшы: 43-49-72
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

Меншікті тілшілер:
Ақтоғай, Шет, Балқаш,
Приозерск: 8-702-293-13-70
Қарқаралы, Нұра,
Осакаров: 8-702-216-73-50
Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай,
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

• Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
• Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
• Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
• Материалдың жариялану ақысы төленген

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № KZ18VPY00030163 куәлігі берілді.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.

Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №33 үй.

Электрондық пошта: ortalqy.kz@gmail.com; ortalqy.kaz@mail.ru
Жарнама бөлімі: ortalqy.reklama@mail.ru



Газет жеткізілмесе
41-26-82, 43-57-88
телефонына хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ
Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131,
БИК KСJZKZXX БИН 000840001412

Таралымы 3 478
№91 тапсырыс. Индекс 65484
Офсеттік басылым. Көлемі 4 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша
«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.
Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15.
Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.
Кезекші редактор Гүлнұр СЕРІКЖАҢҚЫЗЫ

Сурет автордан